www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ISSN 2074-899X

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№17 (797) 15 мамыр 2020 жыл

ТҮЙТКІЛ

ЧЕБАЧЬЕ ЕМЕС, АЙНАКӨЛ!

НЕМЕСЕ БАЙЫРҒЫ АТАУЛАРДЫҢ БАҒЫ ЖАНА МА?

Төтенше жағдай жарияланғанның алдындағы оқиға еді. Елдегі Есенбайдың сүт кенжесі шаңырақ көтерген. Келін түу сонау Түркістаннан. Құда келмек. Есенбай әуелі қалаға шапты. Қазір келін түсірудің өзі кетпектей шаруа ғой.



Ет желінер, қымыз ішілер, алдымен жер жаннаты – Көкшенің ғажайып көркін көрсетпек. Оның ішінде жасыл желекке малынған, елесі ертегідей Бурабайды. Ақылбай асуын көктей өтіп, Абылай алаңына ат басын бұрған. Қолдың саласындай ақ қайындар мен мәңгі жасыл қарағайлар көмкерген аумағы ат шаптырым алаңда көктем жаңа туғанмен, кісі қарасы көп екен. Көңіліне бір желік кірген елден келген Есенбай құдаларға ел мен жердің тарихын білгенінше екпіндей баяндап жатыр.

– Мынау Абылай атамыздың алаңы. Хан иеміз баяғыда осы жерді қоныстаныпты. Әне, анау арада ақ бурасы жатқан.

Жандарына таяп келген бірер қазақтың таңғы тымық ауаны қақырата жыртқан дауыстары ап-анық естіліп тұр.

– Осы Ясная Полянаға іргесінде тұрып келмегелі екі жыл болды, – дейді біреуі.

– Оны айтасыз мен Чебачье мен Котыркульді, Боровое көліне түспегелі қанша жыл, – дейді екіншісі.

Құдалар сынай келеді емес пе, әлгілердің сөзіне елең еткен.

Енді Есенбай ентігін басып түсіндіріп жатыр:


– Боровоеңыздың әу бастағы атауы – Әулиекөл. Бағзы заманда тап-таза суы мөлт-мөлт етіп жатқан көл жиегін әулие мекен еткен деген аңыз бар. Тау етегіндегі тәмам жұрт әулиенің алдына келіп мұң-зарын айтқан. Ақ батасын алса, қабыл болып, шаруасы оңынан оралған деседі. Кейін әулиенің бойындағы бар қадір-қасиеті көлге көшіпті. Көл суымен бетін жуған адамның бағы жанады деген ырым бар. Ал жұрттың Чебачье деп жүргені кәдімгі Айнакөл. Әр нәрсені ырым ететін қазақ бауырына басқан жер-суының атын да қадірі мен қасиетіне, өңі мен түсіне қарап қойған ғой.

(Жалғасы 3-бетте)

ДЕРТ

БУКМЕКЕРЛІК КЕҢСЕ КӨШУІ МҮМКІН

Қалталының ермегі көп. Құмархана мен букмекерлік кеңсе, тотализатор – ауадан ақша жасауды әдет қылған, жаны ауырмай, оңай ақша тауып, аяқ астынан байып кеткісі келетіндердің сүйікті мекені. Күні кеше Алматыдағы қымбат үйлерімен әйгілі «Нұрлы тау» ықшамауданында тек сенімді клиенттер ғана бара алатын казино әшкереленді.



Бұдан былай әлгі букмекерлік кеңсе мен тотализаторлар Қапшағайға немесе Шучьеге көшірілуі мүмкін. Бұл туралы Мәжілісте арнайы заң жобасы мақұлданған. КТК телеарнасы хабарлағандай, заң қабылданып жатса, кейбіреулердің көзқұртына айналған ойын бизнесі бірқатар өзгеріске ұшырайды. Ал букмекер кеңселері жылы орнынан қозғалғысы келмейді. Үлкен қалада ойынқұмар да көп, ақша да мол. Оларға салсақ, ойын бизнесінің ауқымы шектеліп жатса, ақыры жабылып тынуы мүмкін. Майлы бизнесті шетелдіктер иеленіп кетуі мүмкін.

Бір қызығы, букмекерлік кеңсе мен тотализаторлардағы қаржы айналымы туралы нақты мәлімет жоқ. Сондықтан бәске тігілген теңгені есепке алу орталығы құрылады. Онда қолма-қол немесе электронды түрде қанша ақшаның айналып жатқаны көрініп отырады. Мәжіліске мәдениет және спорт министрлігінің дайындап әкелген заң жобасы осындай бірқатар өзгерістер енгізуі мүмкін.

Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың айтуынша, ставкаларды есепке алу орталығын құру көзделген. Бұдан былай тек қана таза спорттық ойындарға бәс тігу ұсынылып отыр. Себебі букмекерлер осы күні ән байқаулары, саяси сайлау қорытындылары, тіпті ауа райы болжамына ұтыс ойнататынды шығарған. Одан бөлек, виртуалды ойындары және бар. Ал ақшасынан ұтылып, іші күйгендердің жасаған қылмысынан жан түршігеді.

Қылмыс демекші, ішкі істер министрінің орынбасары Арыстанғали Запаровтың айтуынша, биылдың өзінде ойын бизнесіне қатысты 320 қылмыстық іс қозғалыпты. Тіпті «ақшаны ұтқыздың» деп жақын адамдардың бір-біріне қол көтеріп жатады. Құқық қорғау мекемелері мұндай оқиғалардың бар екенін алға тартады. Осыдан екі жыл бұрын жігіт пен қалыңдық арасында құмар ойыннан шыққан орны толмас қайғымен аяқталыпты.

Ел аумағында 1184 букмекер мен тотализатор кеңсесі бар. Құмар ойынға еліту, өз-өзін ұстай алмайтын жағдайға жету кеселдің бір түрі. Оны ғылымда «лудомания» деп атайды. Бізде ол денсаулық сақтау министрлігінде ауру ретінде тіркелген. Елімізде құмар ойынының кесірінен осындай дертке ұшыраған 11 науқас бар. Заң бойынша енді ондай адамдарды не өз өтініші болмаса, туыстарының өтініші бойынша, құмар ойындарға қатысуын шектеп тастауға болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ӨЗЕКТІ

Апта басында Президент Қ. Тоқаев Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысын өткізіп, ел тұрғындары асыға күткен мәлімдеме жасады.

Белгілі болғандай, еліміз індеттің шарықтау шегінен өтті және көптеген саланың қызметі қалпына келе бастады. Дегенмен кейбір аймақтарда дерттің таралуы бәсеңдемей отыр. Осыған орай карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады.

Төтенше жағдай режимі аяқталғанымен, індетті толығымен жеңдік деп айту әлі ерте. Бүгінде бүкіл әлем коронавирус пандемиясының таралуы және оның салдарына қарсы күресті жалғастыруда. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, дүние жүзі бойынша 200-ден аса елде 4,1 миллионнан астам адам коронавирус індетін жұқтырған. Індеттің таралу қарқынының төмендеуі жөнінде жариялаған Оңтүстік Корея, Германия елдерінде вирусты жұқтырғандар санының қайта өсуі тіркелуде. Ал Франция парламенті төтенше санитарлық жағдай режимін 10 шілдеге дейін созуға шешім қабылдады.

Осының бәрі COVID-19 пандемиясы халықтың денсаулығына әлі де қауіпті екенін аңғартады. Сондықтан карантин шараларын жеңілдету барысында әр азаматымыз

Мәдина БЕКТЕНОВА,
Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының қызметкері:

ІНДЕТТІҢ БЕТІ ӘЛІ ТОЛЫҚ ҚАЙТҚАН ЖОҚ



өзінің және жақындарының денсаулығына мұқият болуы және барлық мекемелерде, көлік пен кәсіпорындарда санитарлық талаптардың сақталуы аса маңызды болып тұр.

Қазіргі жағдай көрсетіп отырғандай, мемлекеттің стратегиясы мен қабылданып отырған жедел шаралар тиімділігін көрсетті. Басқарудың барлық салаларында мемлекет пен қоғам өмірін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-әрекет жүйесі жолға қойылған. Мемлекет басшылығы белгілеген іс-қимылдың нақты алгоритмінің арқасында коронавирус індетінің Қазақстанға таралу қарқыны бәсеңдетілді. Мемлекеттің экономика саласында, әлеуметтік қолдау көрсету бағытында дағдарысқа қарсы жүзеге асырып жатқан ауқымды шаралары да осы қиын кезеңді абыроймен атқару жолында үлкен демеу екені анық. Дегенмен әлем бойынша ұзаққа созылатын экономикалық дағдарыс, рецессия мәселесі барлық мемлекеттер үшін күн тәртібінде тұр.

Қасым-Жомарт Тоқаев дағдарыс кезіндегі және одан кейін елімізде бұл бағытта атқарылатын нақты жұмыстарды ары қарай дамудың басымдықтары мен жүзеге асыру жолдарына ерекше тоқталды. Азаматтарды қолдау мен бизнесті дамытуға бағытталған Экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспардың да әзірленіп жатқанын айтты.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия болып қайта құрылатыны да өте маңызды шешім. Алда үлкен, жүйелі жұмыстың тұрғаны анық.

Пандемияға байланысты орын алған дағдарыс бүкіл әлемге, сондай-ақ Қазақстанға медицина, білім беру, әлеуметтік салаларды дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Елде төтенше жағдайдың алғашқы мерзімінде осы салалардағы ұйымдастыру жұмыстары, технологиялық жабдықтандыру мәселелері бойынша олқылықтардың да болғаны белгілі. Осы орайда денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру бойынша, әсіресе, инфекциялық бақылау, төтенше жағдайларда жедел әрекет ету бағыттарында түбегейлі өзгерістердің қажеттілігі туындады.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыз)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ:

Марат ЖАРМҰХАМБЕТОВ, Алматы қаласының тұрғыны:


«42 500 теңге» әлеуметтік көмек банкте шоты жоқ азаматтарға тағайындалады. Белгілі бір уақыт аралығында шотты ашқаннан кейін төлем аударылады дегеннен кейін өтінім берген едім. Әлеуметтік төлем тағайындалды деген хабарлама алдым. Ал қаржыны қалай аламын?



ЖАУАБЫ:

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

«42 500 теңге» әлеуметтік төлемін банк шотының жоқтығынан ала алмаған азаматтар енді оны IBAN шотын ұсынбай-ақ, ұялы телефон нөміріндегі «ұялы байланыс операторының электрондық әмиянындағы» жеке шоты арқылы ала алады. Ұялы байланыс операторының электрондық әмиянының» шотына әлеуметтік төлем алу үшін азамат SMS-хабарлама арқылы өзінің келісімін растауы қажет. Азаматтан жауап алғаннан кейін оператор алушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) тексеріп, ұялы телефонының жеке шотына ақшаны жібереді. Оны Халық банкінің банкоматтары немесе «Қазпошта» бөлімшелері арқылы алуға болады».



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent) 29,99

DOLLAR 421,16

EURO 456,58

РУБЛЬ 5,74

1+2



(Бұл туралы 2-беттен оқыңыз)

БИЛІК

Әлемді әбігерге түсірген індет еңбек нарығына соққы боп тиді. Қазірдің өзінде көптеген кәсіпорындардың жабылатыны белгілі болып отыр. Осыны ескерген ел Үкіметі шұғыл шараларды қолға алуға кірісіп кетті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы (ЖҚЖК) шеңберінде 3 096 жобаны жүзеге асырыла бастады. Соның нәтижесінде 26,3 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК

ІЗДЕГЕНГЕ ТАБЫЛАР



Жұмыспен қамтудың жол картасына сәйкес, жергілікті атқарушы орындар 6 506 жобаны іске асыруға ұсынып отыр. Бұлардың арасында 2 410 жоба республикалық бюджет есебінен қолға алынды. Аталған құжат инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды 4 негізгі бағыт бойынша жүргізуді көздейді. Оның алғашқысы – әлеуметтік-мәдени нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құрылымдау және салу. Бұл бағыт 2 703 жобаны қамтиды. Екіншіден, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, қайта құрылымдау. Мұнда 1 039 жоба бар. Ендігі бір маңызды сала – инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, қайта құрылымдау және салу. Ол 1 799 жобаны іске асыруы тиіс. Ал елді мекендерді абаттандыру 965 жобаны қамтып отыр.

Жол картасы инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру кезінде отандық өндірушілердің 90 пайыздан кем болмайтын тауарлары мен қызметін қолдануды қамтамасыз ету айрықша шарт болып табылады. Жұмысшылардың кем дегенде жартысы халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы алынып, басымдық екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарға беріледі. Мердігерлер санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қолдана отырып, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге тиіс. 13 мамырдағы жағдай бойынша бірқатар өңірде 3 096 жоба бойынша жұмыс басталып, 26,3 мың жұмыс орны құрылды. Мұнда 11,8 мыңы жұмыспен қамту орталықтары ортақ іске тартылған. аясында барлығы 255 мың жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Бұл ретте ЖҚЖК жобалары болашақта 100 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашуға негіз болады.

Бұдан бұрын хабарлағандай, ЖҚЖК жүзеге асырудың айтарлықтай оң әсері сезілмек. Мысалы, 80 жаңа білім беру нысанының құрылысы апатты және үш ауысымды мектептердің мәселелерін шешуге, ауылдарда білім беру орындарына қолжетімділікті арттыруға, сондай-ақ 7 мыңға жуық мұғалімді тұрақты жұмысқа орналастыруға ықпал етеді. 24 денсаулық сақтау нысанының құрылысы алғашқы медициналық-санитарлық көмекке қолжетімділікті арттырады, шамамен 1 мың медицина қызметкерін жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді. 36 мәдениет және спорт нысанының құрылысы бұқаралық спортты дамытуға оң әсер етіп, жастар үшін бос уақыт мәселесін шешуге және 1,6 мың адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай туғызады. Өз кезегінде, су шаруашылығының 12 жаңа нысанын салу және қолданыстағыларын жаңғырту халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мүмкіндігін арттырады. Бұған қоса, суармалы жерлердің көлемін ұлғайту, пайдаланылмайтын жерлерді айналымға тартуға, аралас салаларда 77 мың адамды жұмыспен қамтуға жағдай туғызады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінде 247 жаңа нысан салу және қолданыстағыларды жаңғырту тұрғын үй құрылысын жандандыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары үшін коммуналдық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Талап ТІЛЕГЕН

Сөз-Жебе



Данияр ЯКУПОВ,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция департаментінің жемқорлыққа қарсы мониторинг басқармасы жетекшісінің міндетін атқарушы:


«Биылғы жылдың тек бірінші тоқсанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік сатып алу саласына қатысты 200-ге тарта қылмыстық іс қозғады. Құдды тұйық шеңбер сияқты. Бірін ұстасақ, екіншісі шығады. Әлбетте, бұған халық та наразы. Ендігі кезде агенттік алдын алу жұмыстарына баса назар аударады. Әрбір жемқордың соңынан жүгіріп жүрмес үшін, мемлекеттік сатып алу саласында жемқорлыққа жол бермейтін механизмдерді әзірлеп жатырмыз»

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, *Мәжіліс төрағасы:*

«Құмар ойынға салыну – дертке шалдыққанмен бірдей. Адам оны өз күшімен жеңе алмайды. Сондықтан депутаттар жаңа норма енгізіп отыр. Оған сәйкес, құмар ойынға берілген азаматты шығарып алу үшін туысқандары сотқа бере алады. Бұл қажетті және тиімді норма деп есептейміз.

Тағы бір атап өтетін жәйт, заң жобасында осы сала қызметін реттеудің жаңа тәсілдері ұсынылған. Жаңа заң экономикалық тұрғыдан да, моральдық-психологиялық жағынан да ойын бизнесі саласындағы бақылауды күшейтеді»

1+1



Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА,
мәдениет және спорт министрі:

«Ойын бизнесі туралы» заңда құмар ойындар мен бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеу тетігі енгізіледі. Уәкілетті мемлекеттік органдарды букмекерлік кеңселер мен ойыншылардың арасындағы ақша операциялары туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бәс тігуге қатысудан шектеу тетігін іске асыру үшін ставкаларды есепке алу орталығын құру көзделеді. Соның нәтижесінде ашық дерек пен ойыншылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында букмекерлік кеңселерге тек спорттық оқиғаларға ставка қабылдау міндетін белгілеу ұсынылады»

Аптаның айтары



Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,
Бас санитарлық дәрігер:

«Карантинді жеңілдетудің үшінші кезеңі ауырғандар көрсеткіші 2 пайыздан аспаған жағдайда күшіне енеді. Әзірге карантиндік шаралар сол күйінде сақталады. Бәрі аурудың беті бері қайтқанына байланысты. Дегенмен қазірдің өзінде көптеген мекемелер жұмысын жандандырды. Олар санитарлық талапты сақтауға міндетті».

Әлеумет.t°

АЛАҒАН МЕН БЕРЕГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салыққа қатысты өз ұстанымын білдірді. Оны бір сөзбен түйіндесек, табысы жоғары көбірек төлеуі тиіс.

Кез келген мемлекетте қазына қоржынының тоқ болуы салықтың кем-кетіксіз жиналуына байланысты. Әлмисақтан солай. Қытайды билеген Құбылай бұған айрықша мән берген. Ол шалғайдағы бір өңірден алым-салық түспейтінін естиді. Сөйтіп, Ханбалықта *(Бейжіңнің бұрынғы атауы – автор)* өзіне қызмет етіп жүрген Марко Полоны сонда жұмсайды. Хан пәрмені қатал. Қалайда орындалуы тиіс. Әйтпесе, жендеттің қылышы төніп тұр. Билеушінің сол аймақтағы өкілі атақты саяхатшыға «өлімге дайындала бер» дейді. Мұндағы жұрттан қисық тебен алудың өзі мұң екенін ескертеді. Марко Полоны өлімнен қасындағы қытай кәнизәгі құтқарып қалады. Мақау бойжеткен алдымен үйдің ауласында сүйек ойынын ұйымдастырады. Адам көбейген соң ойнағаны үшін ақы ала бастайды. Жиналған ақша түйе керуеніне жүк болып, салық ретінде сарайға бет алады. Тапқыр шешімді шығармасына арқау еткен Гери Женнингс *(Gary Jennings)* байлыққа кенелген Құбылайдың әйгілі жиһангезге ризашылығын қымбат сыйлықпен білдіргенін жазады.

Қазір де ақшасының бір бөлігін қазынаға беруге құштарлар көп емес. Әсіресе, қалталылар «алаған қолым береген» дей бермейді. Қайбір жылы бір депутатымыз кішкентай шаштараз әйдік құмарханаға *(казино)* қарағанда көбірек салық төлейтінін айтып еді. Ақшаны мың-мыңдап доллармен алатын, құзырлы мекеменің құрығынан жалтарып қалатын әншi мен асаба «көлеңкелі бизнестің» көрігін қыздырып тұр. Чек бермейтіндер де шын табысын жасырып, айла-амалын асырып, сол «көлеңкеде» шаруасын «тындырып» жүр. Ал айлығы қырық мыңнан әзер асатын еден жуушы тапқан-таянғанынан жырып береді...

Қ.Тоқаев «Күнгей мен көлеңке» атты кітабында АҚШ-тың бұрынғы президенті Билл Клинтонға қатысты ғибратты деректі келтіреді. Ол Ақ үйге келгенде бюджет тапшылығы 200 млрд доллардан асып жығылатын. Қаржы жүйесін сауықтыру, экономиканы өрге сүйреуді басты міндет деп білген жаңа басшы Сенатта табысы жоғары азаматтарға салықты көбейтуді көздейтін бюджет жобасын бекітуге күш салады. Парламентте бай-бағыланның мүддесін күйттейтін лоббистердің ықпалды күш екенін ескерсек, бұл қиын түйін еді. Ақыры, заң мақұлданды. 1999 жылы президент журналистер алдына кәдімгі мектеп тақтасымен шықты. Тақтаға жүз миллиардты санмен жазып, американ бюджетіндегі профицит осындай екенін салтанатты түрде жария етті. Ақыр соңында Клинтонның кезінде жалпы ішкі өнім көлемі 10 трлн долларға жетіп, 20 млн адам жұмыс тапты.

Шикізатқа сұраныс азайған бүгінде салық түсімі – қазына үшін елеулі кіріс көзінің бірі. Мұнай мұхитының үстінде отырған саудиялықтар күні кеше қосымша құн салығымен танысып еді. Міне, екі жыл өтпей, 5 пайызды құрайтын салықтың осы мөлшері үш есеге ұлғайтылды. Сондай-ақ күнкөріске деп берілетін 1000 риал *(270 доллар)* көмек алынып тасталды.

Қ.Тоқаевтың президенттік сайлаудағы бағдарламасында әлеуметтік әділеттілік орнатуға айрықша мән берілгені белгілі. Бұл жетіде жарияланған прогрессивтік салық жүйесі енгізілсе, әлгі мақсатқа жетудегі маңызды қадам болар еді.



Срайыл СМАЙЫЛ

Инфографика

ҚАРЖЫНЫ ТОЛЫҚ ИГЕРМЕГЕНДЕР

Ұлттық экономика министрлігі

Денсаулық сақтау министрлігі

Ішкі істер министрлігі

Қорғаныс министрлігі

Әділет министрлігі



Дереккөзі: Қаржы министрлігі

QOǴAM 3
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Түйткіл

ЧЕБАЧЬЕ ЕМЕС, АЙНАКӨЛ!

НЕМЕСЕ БАЙЫРҒЫ АТАУЛАРДЫҢ БАҒЫ ЖАНА МА?

(Басы 1-бетте)

Жиегіне шылбыр тастам таяп келіп жанарыңды қадасаң, құтты бір тостағанға құйып қойған су тәрізді күн көзімен шағылысып, айнадай жарқырап жатпай ма? Сондықтан Айнакөл деп ат қойған. Котыркуль дегеніңіз кәдімгі Қатаркөл. Жерасты бұлақтарымен суы молығатын, білетіндердің айтуына қарағанда, тереңнен бір-біріне тамыр тартқан егіз көл. Жалпы табиғатта тау да егіз, көл де егіз жаратылатыны туралы мысалдар аз емес қой, құда.

Бұдан әрі аялдауға уақыт болмай Көкшетауды басып өтіп, елге бет алған. Жол-жөнекей тілінің қотыры бар бір құда:

– Есеке, осы Көкшетауыңыз бұрын Кокчетав деп аталмап па еді, – деп қытығына тимесі бар ма?

– Тәуелсіздік алғаннан кейін тәубасына түсірдік қой, – деп қопиған бұл.

Есенбай қопиғанмен естен тандырар мысал әлі де Сібірдің самырсынындай сыңсып тұр еді. Облыс орталығынан шыға Еленовканы көктей өтіп, Антоновка селосын басқан. Тап бір жер атауын тексеруге келген комиссия сияқты құдалар «мынауы несі?» деп таң қалған. Қызықтың көкесі алда еді. Арғы елді мекендер кешегі кеңес заманының жөн-жосықсыз қойылған атауларына тұнып тұр. Аудан орталығының өзі бертінде ғана Саумалкөл атанған. Әйтпесе бұрынғы атауы Володаровский еді. Бұл кім болды екен деп іздемей ме? Сөйтсе, қара жер хабар бермесін, білдей бір ауданның атын иеленген Володаровскийіңіз ақ қашып, қызыл қуған аласапыранда Саумалкөлдің іргесінен топырақ бұйырған ақтың солдаты екен. Қай еңбегі сіңгенін кім білсін, жетпіс жыл бойы әлгі аудан Володаровскийдің атауын иемденіп келді. Осы аудандағы Комаровка ауылының атын өзгертеміз дегенде тәмам орыс қарсылық білдірген. Тіпті «ауылдың атын өзгертсек, сиырдың сүті көбейіп кете ме» деп кекете сұрапты біреу. Есенбайдың кеуде қағып, мақтанғаны өтірік. Тәуелсіздік алғалы 29 жыл өтсе де, өткеннің өңі жаман мұрасы әлі тұр. Зұлымдықтың шекпені де жыртылмайтын мықты болады екен ғой.



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Ақмола облысындағы ономастика саласындағы игі бастамаларға қолдау білдіріп, архивтерде шаң жұтып, қажымай-талмай ізденіс жұмыстарын жүргізу арқылы байырғы жер-су атауларын ғылыми-сараптамадан өткізіп, дәйекті деректер ұсынып отыр. Ендігісі – осы құжаттарды негізге алып, әділеттің салтанат құруы. Жоғарыда біз айтып өткен Сандықтау ауданындағы қазіргі қаптаған атаулардың бәрі кешегі кеңес заманында әділетсіздікпен қойылған. Зерделей зерттесеңіз, ілкі заманғы жер-су атаулары тұнып тұр. Мәселен, орталық мемлекеттік архивтегі №317 қордың бірінші тізіміндегі №58 істе Новоникольскінің – Қояндыкөл, Новоселовканың – Жалтыркөл, Веселоеның – Балапан, Быстримовканың – Жалпаққарағай, Граниовканың – Тақыржыланды, Михайловканың – Жыланды, Меньшиковканың – Қарағайлысай, Новомарковканың – Үшаша, Спасскоеның – Сарымсақты аталғаны туралы нақты деректер бар. Ақкөл ауданындағы Урюпинка ауылы ілкі заманда Шолаққарасу аталған екен. Бұл жайлы дерек орталық мемлекеттік архивтегі №371 қордан табылып отыр. Ондағы Ақмола уезі қоныс аудару аудандарындағы елде орналасу барысы туралы мәлімдеме деп аталатын құжатта тайға таңба басқандай ап-анық көрсетіліпті. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің жинаған деректеріне қарағанда, бұл елді мекен сонау 1884 жылы құрылып, 1901 жылға дейін Сосновка деп аталған. Оның себебі де бар, жаңа елді мекен орналасқан жерді ит тұмсығы өтпейтін қалың қарағай орман қаумалап тұрған. Тек кейін, өкінішке қарай, сансыз зәулім қарағай аяусыз оталып, құрылысқа пайдаланылған да, кейін жойылып кеткен. Уақыт өте келе, Ресейдің Волгоград облысындағы Урюпинск қаласынан қарашекпенділердің жайлы жер іздеп, үдере көшіп келулеріне байланысты бұл жер Урюпинка аталған. Әйтсе де, ескі атауы біраз уақытқа дейін жойылмай, Сосновка-Урюпинка деген қосарлы атпен аталған. Бұл туралы Ақкөл ауданының мектеп мұрағатынан табылған жазбада жан-жақты баяндалады.

Көркем табиғаттың ілкі замандағы кескініне қылау түспей тұрған шақтағы ғажайып бейнесі де сипатталыпты.

Ілкі заманда атам қазақ жер-су атауларын тегіннен-тегін қоя салмаған. Төскейіндегі елге айрықша еңбегі сіңген, ерлігі мұра болған бабалар есімі немесе жер-судың айрықша белгілері негіз болған. Мәселен, осы Урюпинканың қоныстанған жерінің ілкідегі атауы Шолаққарасу. Бұл өзен негізгі қорегін жерасты суларынан алатын болған. Қырық күн шілдеде, қара қарғаның миы қайнайтын ыстықта өзен тартылып, ойдым-ойдым қара суларға айналады екен. Сол себепті жылап аққан шағын өзен Шолаққарасу атанған. Осы аудандағы Ново-Рыбинский ауылының байырғы атауы – Шортанкөл. Жалпақ далада тананың көзіндей жарқырап жатқан көлде шортан балық ересен көп болыпты дседі. Жаздың жалпағында таң ата жылқыны суға құлатқанда, шортан балық бастары шоқпардай болып, көл жиегінде үймелесе жүзеді екен. Көптігі сондай, қаталап келген жылқыны үркітеді екен. Міне, осыдан көл Шортанкөл деген атауға ие болған. Байырғы атау туралы орталық мемлекеттік архивтің №371 қорында анық дерек келтірілген. Елді мекеннің көл жағасына орналасуының да өзіндік себептері бар. Өйткені, шабатасын сүйреткен қарашекпенділер қазақ даласының құнарлы жеріне, өзен-көлдерінің маңайына үйір болған.

Орманында саңырауқұлағы, жеміс-жидегі бар, көлінде балығы бар болса, құдайдың бергені емес пе? Мәселен, Аршалы ауданындағы Михайловка ауылы Мойылды өзенінің жағасынан ірге тепкен. Есіл өзенінің Ақмола алқабында әлденеше ұсақ салалары бар. Шөліркеген даланың шөлін қандыру үшін жаратқан ие әдейі дәл осылай иен далаға тармақ-тармақ қылып жіберген тәрізді. Өзен аңғарындағы Михайловканың әуел бастағы есімі Мойылды екендігі ешбір талас тудырмайды. Бұл да архивтегі №371 қорда бар.

Астрахан ауданындағы Новочеркасск елді мекенінің бұрынғы атауы -Шаншар. Бұл туралы Омбы облыстық тарихи архивінің №198 қорының үшінші тізімінде ап-анық жазылған. Ақмола облысындағы ел мен жер атауларын зерделей зерттеп, айрықша мол еңбек сіңірген өлкетанушы Клара Әмірқызының «Атақоныс ақиқаты» атты өлкетану жазбасының 37-38 беттерінде Астрахан селосына таяу жердегі Шаншар ауылының үстіне Доннан келген мұжықтар 1895 жылы қоныс салғаны жайында деректер жазылады. Бұл жерді бұрын жергілікті жұрт «Кіші Тасмола», Семеновка поселкесін «Үлкен Тасмола» деп атаған екен. Бұл атаулардың да өзіндік мәні бар. Ақмола қорғаны орнағаннан кейін ат аяғы жететін жерлерде топ-топ солдат ұстау үшін осындай орын сайлаған деген нақты дерек бар. Ондағы мақсат – қазақтың атты сарбаздары шабуыл жасай алмас үшін биік етіп жақпар тастардан қалап осындай қорғандар жасаған. Бұл тас молалардың қалдығы 1943 жылға дейін сақталды деседі көзі қарақты жергілікті тұрғындар. Шаншар жеріне келімсектер XIX ғасырдың соңында қазық қадаған екен. Ит арқасы қиындағы Курскіден, Полтавадан, Саратовтан, Тамбовтан, Харьковтан, барлығы 134 адам көшіп келіпті деген дерек бар. Кейін көктемгі лай судай лықсыған келімсектің саны одан да өсіп, 10 губерниядан 49 отбасы қоныс аударып, ұзын-ырғасы 347 адамға жеткен. Осы аудандағы Петровка бұрын Жыланды атанған. Ордалы жыланға мекен болған қырат төбе ежелден Жыланды аталған екен. Ордалы жылан туралы естіген адам сенгісіз неше қилы аңыз да бар. Клара Әмірқызының «Атақоныс ақиқаты» атты жазбасында 1985 жылы Құшоқы, Қоскөлді мекендеп отырған ауылдардың үстіне Эстляндия, Лифляндиядан келген эстондықтарға крестьян шенеуніктері арғы аталарынан мұра болып қалғандай жер бөліп беріпті. Олар өздері мекен еткен жерге Петровское деп ат берген. Міне, осылайша түгін тартса, майы шығатын жер ешбір негізі, таянышы жоқ атауға ие болып, әлі күнге дейін тұр. Ал Камышенка ауылының бұрынғы атауы – Балықты. Бұл туралы дерек жоғарыда аталған музей қорының бірінші тізімінде көрсетілген. 1899 жылы балықты көлін бауырына басқан аға сұлтан Ыбырайдың тұңғышы Теңізден туған Садық қажының атамекеніне Саратовтан сандалып келген жұрт қоныс салыпты. Көл кейпіне қарап, Камышенское деп ат қойыпты. Сол атау әлі күнге дейін өзгерген жоқ.

Құдалардың алдында қараптан-қарап қарабет болған Есенбай ежелгі жер-су атаулары қашан қалпына келер екен деп кіжініп отыр.

Байкен КӨБЕЕВ,
Көкшетау

Өзекті

(Басы 1-бетте)

Бұл арада Мемлекет басшысы Үкіметке белді ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен Биологиялық қауіпсіздік кеңесін құру қажеттігі туралы ой салды. Жаңа талаптарға сәйкес, адамзат қашықтан оқу, жұмыс істеу, сауда-саттық жүргізу қажеттілігіне тап болды. Соңғы екі ай ішінде біздің қоғам да осы үдеріске үйренісіп келеді. Пандемиядан кейінгі болашағымызда бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, жаңа ынғайлар мен үрдістерді жүзеге асыру жұмысын қолға алу керек екені айдан анық.

Мәдина БЕКТЕНОВА,
Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының қызметкері:

ІНДЕТТІҢ БЕТІ ӘЛІ ТОЛЫҚ ҚАЙТҚАН ЖОҚ



Президенттің мәлімдемесінде бұл шаралар кеңінен айқындалған. Қазіргі ахуалда анықталған кемшіліктер мен барлық қажетті шаралар 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жаңа нұсқасында ескерілу маңыздылығы көрсетілген. Ол, әсіресе, экономиканы және мемлекетті басқару ісін барынша жандандыратын институционалдық және құрылымдық реформаларға байланысты. Сондай-ақ білім беру, электронды үкімет, мемлекеттік басқару, қоғамға қызмет көрсету жүйелерін заманауи талаптарға сай цифрландыру, технологиялық тұрғыдан дамыту, қашықтан жұмыс істеу форматтарына өткізу бойынша жұмыстардың да тез арада жолға қойылуы кезек күттірмес мәселелер қатарында.

Мемлекет басшысы қандай күрделі кезең болмасын, елімізде халықтың жағдайы, әр азаматтың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты құндылықтар екенін айтып келеді. Ендігі жерде оны дұрыс түсініп, жаңа форматта жұмыс істеуді қолға алу маңызды міндет боп тұр.

Дау-дамай

ТАЛАСҚА ТҮСКЕН ЖАЙЫЛЫМ...

Жердің күнкөріс көзі екендігі әлмисақтан белгілі. Соңғы жылдары Ақмола облысында жерге байланысты дау азаймай тұр. Оның басты себебі, жер телімдерінің бүгінгі қолданыстағы заң талаптарына сай дұрыс бөлінбеуінде. Осы арада «бармақ басты, көз қысты» әлденелер тура жолдан тайдырып жіберді ме екен деген күдіктің де құлағы қылтияды. Шіренген шенеунікті айтасыз, «періште де алтын көрсе жерден таяды» дейді емес пе.

Таяуда осындай бір жай Ақмола облыстық кәсіпкерлер палатасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің отырысында кеңінен сөз болды. Күн тәртібінде талқыға түскен алғашқы өзекті мәселенің бірі - жер телімдерін жалға беру. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына жүгініп келген ақмолалық шаруалар осы мәселеге байланысты өз ойларын ортаға салды. «Агроөнеркәсіп кешені саласындағы жер пайдалану мәселелері бойынша кәсіпкерлер кездесетін кедергілер» туралы «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Расул Сыздықов баяндама жасады.

Баяндамашы өз сөзінде «Казбиф ЛТД» серіктестігінде туындаған өзекті мәселені егжей-тегжейлі айтып берді. Тарқатып айтар болсақ, аталмыш шаруашылық 2012 жылы мемлекеттік қолдау аясында Ақкөл ауданындағы жайылымдық жерлерді жалға алу туралы құжат рәсімдеген. Жыл сайын тиісті салық төлемдерін де төлеп келген. Алайда бүгінде жер телімі тағы басқа екінші тарапқа да жалға берілгені анықталып отыр. Бұл кәсіпкерлік субъектісінің құқығын өрескел бұзу болып саналады. Р.Сыздықов «Кәсіпкерлер палатасының мамандары аталған мәселені қарастыру барысында құзырлы мекеме басшылары тарапынан жіберілген қателіктерді анықтады», – деді сөзіне екпін түсіре.



Қазіргі таңда мемлекеттік мекемелердің жіберген олқылығынан Ақкөл ауданында 10 мың гектар жайылымдық жердің құжаттары деректер базасына тіркелмегені анықталып отыр. Жеті жыл бұрын орын алған өрескел заң бұзушылықты мемлекеттік мекемелер мойындағысы келмей, жауапкершіліктен қашып отыр. Ойлап отырсаңыз, он мың гектар жер дегеніңіз көзге іліне қоймайтын, аңғармай қалыпты, байқамай қалыпты деуге сыймайтын ұлтарақтай жер емес қой.

Ірі қара өсірумен айналысатын шаруашылық нысаны жер телімін қоршап, құдық қаздырып, жайылымды игере бастаған екен. Алайда аудандық бөлімдер шаруашылық нысанының қызметін елемеген сыңай танытады. Тиісті құжаттар мен жер картасы электронды деректер базасына енгізілмеген. Бұл заң бұзушылықтар жер телімдері туралы мәліметтерді «Қолдау» электронды базасына енгізу барысында анықталған. Аталмыш электронды ақпарат базасы ауыл шаруашылығы нысандарын субсидиялауда басты дереккөз болмақ. 2012 жылдан бері бұл мәліметтер не себепті ортақ деректер базасына енгізілмегені белгісіз.

Қазіргі таңда сот істері жалғасуда. Кәсіпкерлік нысанын келеңсіз жағдайда қалдырған құзырлы мемлекеттік мекемелер түрлі сылтау айтып, бір-біріне сілтеп бағуда. Заңмен белгіленген тәртіптің не себепті сақталмай отырғаны белгісіз. Мұның салдарынан 20-дан астам кәсіпкер жапа шегуі мүмкін.

Ақмола облыстық жер қатынастары басқарма басшысының орынбасары Нұрмұхамед Махитовтың айтуынша, электронды базада бұл аумақ бос жер телімі ретінде белгіленген. Ақкөл ауданының жер қатынастары бөлімі жайылымды жалға беру туралы конкурс жариялағанда бұл аумақтың өзге кәсіпкерлік субъектісі иелігінде екенін білмегенін алға тартады.

Кеңеске қатысушылар мұндай мәселе бұған дейін де бірнеше рет орын алғанын айтып отыр. Кәсіпкерлер палатасына бизнес субъектілерінен осы тақылеттес 10 шақты шағым түскен. Былтыр кәсіпкерге тиесілі жер телімін екінші бір заңды тұлғаларға ұсыну деректері Көкшетау қаласында, сондай-ақ Зеренді ауданында анықталған еді.

Алдағы уақытта шаруаның ісін ретсіз шалқайтпас үшін мұндай өзекті мәселеге мұқият қараған дұрыс шығар.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Серпін

Карантин құрылысқа кедергі емес. Шымкентте құрылыс, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық жұмыстары қыз-қыз қайнап жатыр. Жаңа саябақ ашылып, аллеялар, аулалар абаттандырылуда. Жасыл желек жамылған Шымқаланың карантиндегі келбеті, тіпті ажарлана түскендей. «Қайта осындай карантин кезінде, қалада адам аяғы аз уақытты құрылыс жұмыстарына оңтайлы пайдалануымыз қажет» деген қала әкімі Мұрат Әйтеновтің өзі шаһарда атқарылып жатқан жұмыстарды жіті бақылауына алған.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛҒАН ҚАЛА

Алдыңғы аптада Мұрат Дүйсенбекұлы біршама білім ошақтары мен балабақшаларын аралап, ондағы жөндеу жұмыстарымен танысты. Әкім алдымен №49 «Жас ұлан» балабақшасына барды. Іргетасы сонау 1982 жылы қаланған нысанға күні бүгінге дейін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Биыл ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу үшін қазынадан 300 миллионға жуық қаржы бөлінген. Бүгінде «АҚ ордасы» компаниясы бөбекжайда құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мердігер 280 орындық нысанды жоспар бойынша тамыз айында тапсыруы тиіс.

«Балабақшада ағаш есік болған. Ағаш есікті алғаннан кейін қайта қоюға жарамай қалады. Сондықтан, жобалық сметада қаралмаса да, сол есіктерді жаңартып беремін. Сметалық құжатта еденнің 50 пайызына жылыту жүйесін орнату қаралған. Бірақ біз 100 пайыз жылу жүйесін тартамыз», – деді «АҚ ордасы» ЖШС-нің басшысы Садулла Қалыбеков.

Мұнан кейін қала әкімі №12 жалпы орта мектептегі күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. 915 орындық білім ошағының қабырғасы 1984 жылы қаланған. Көлемі 2624 шаршы метрден асатын 3 қабатты мектепте «Лидер НК» мекемесі күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жоба құны 252 миллион теңгені құрайды. Сәуір айында басталған құрылыс жұмыстары жоспар бойынша тамызда бітуі керек.

Мұрат Әйтенов бұдан соң Майлықожа көшесінің бойына орналасқан 280 орындық «Алтын дән» балабақшасында болды. Бүгінде бөбекжайды «KazIntelGroup» құрылыс компаниясы күрделі жөндеуден өткізуде. Айта кетейік, ғимаратты жөндеу жұмыстары тамыз айына жоспарланған.

«Биыл қалада 6 балабақша мен 7 мектептің күрделі жұмыстарын жүргізу үшін қаржы қаралған. Сонымен қатар бір мектептен тыс, бір колледж ғимараты да биыл жөнделеді. Бұдан бөлек, 17 спорт алаңы ағымдағы жөндеуден өтеді. Тағы 24 білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Оның жетеуін келесі жылы жөндеу үшін жобалық сметалық құжаттарын жасайтын боламыз», – дейді қала әкімі.

Шымкент қаласының әкімі жөндеу жұмыстарымен танысқан келесі нысан – Х.Досмұхаметов атындағы №4 жалпы орта мектеп. Алғаш білім ошағының іргетасы 1939 жылы қаланған. Кейіннен 1991 жылы жапсарлас ғимарат бой көтеріп, мектеп кеңейе түскен. 1200 орындық білім ордасында бүгінде «Югстрой сервис-Н» құрылыс компаниясы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жөндеу жұмыстарымен қатар, білім ошағында жиһаздар мен парталар да жаңартылады. Сондықтан, Мұрат Дүйсенбекұлы мұндағы парталардың қолданысқа жарайтынын қажеттілігі бар өзге мектептерге беруді тапсырды.

Қала әкімі бұдан кейін №13 «Ер Төстік» балабақшасына барды. Іргетасы 1939 жылы қаланған бөбекжай 310 орынға арналған. Бүгінгі күнде әбден тозығы жеткен ескі ғимаратқа «KazIntelGroup» ЖШС күрделі жөндеуді жүргізіп жатыр. Мердігер жоспарланған кестеге сәйкес, бөбекжайдағы құрылыс жұмыстарын тамыз айында бітіруі керек.

Қаламыздағы №63 негізгі орта мектеп ғимараты 2012 жылы 300 орынға арналып салынған. Қазіргі таңда «Отано ЛТД» ЖШС білім беру мекемесіне қосымша асхана, шеберхана, спорт зал құрылысын бастап кетті. Мердігер мекеме өкілдерінің айтуынша, ғимарат құрылысына тек отандық құрылыс материалдары қолданылып жатыр екен. Биыл пайдалануға берілуі тиіс ғимараттың қазірде іргетасы құйылған. Нысанның алғашқы кірпішін Мұрат Дүйсенбекұлы қалады.

Сондай-ақ қала әкімі №17 жалпы орта мектепке барды. 750 орынға арналған білім беру мекемесі 1963 жылы салынған. Бұл нысанның құрылысын «Өмірзақ» ЖШС жүргізіп жатыр. Мұнда 300 орындық қосымша ғимарат бой көтереді. Мектеп ел игілігіне 2020 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

КӨШЕЛЕР ДЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

2020 жылы қаланың Қайнарбұлақ, Самал-3 шағынаудандарындағы 20-ға жуық көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Бүгінде жұмысы ерте басталған кей жолдарға асфальт төселіп, халықтың игілігіне беруге дайын. Мұның алдында шаһар басшысы мегаполистің шеткі шағынаудандардағы жол құрылысы жұмыстарының барысын бақылап қайтқан болатын. Нақтырақ айтқанда, биыл Қайнарбұлақ шағынауданындағы Төлебай Құрсабек, Садовая секілді алты көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Осы мақсатта қазынадан 997 милион теңгеден астам қаржы бөлінген.

«Атқарылып жатқан жұмыстарға елдің барлығы ризашылығын білдіріп, рахметін айтып жатыр. Десе де, әлі де атқарылар жұмыс көп. Жаңа құрылыс жақта жарық, су, газ мәселесі бар», – дейді Қайнарбұлақтың ауыл биі Сегізбай Өскенбай.

«Оның бәрінен хабардармын. Бұл мәселелерді мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында шешуді қарастырып жатырмыз. Мемлекет ақшаны біртіндеп бөліп, кезегімен орындап келеміз. Өйткені, оның бәрін бірден атқарып тастауға мүмкіншілік жоқ. Сол себепті инфрақұрылым тез тартылуы үшін мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті де қарастырып жатырмын. Ол деген, білесіз, кәсіпкер өз ақшасына жасайды. Бірақ оған мемлекет әр жылы ақшасын қайтарып беріп отырады. Соны қазір есептеп, қарап жатырмыз. Егер қатысам дейтін азаматтар болса, мердігерлерді осы жұмыстарға қосамыз. Сонда мәселе ертерек шешіледі», – деп жауап берді Мұрат Әйтенов.

Ал Самал-3 шағынауданындағы 12 көшеге де биыл орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жоспарды жүзеге асыру үшін бюджеттен 667 миллион теңгеден астам қаржы қарастырылды.

300 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Шымкентте жыл басынан бері 57 аула абаттандырылып, ел игілігіне берілді. Оның ішінде 30 жылдан бері балалар алаңшасы болмаған көпқабатты тұрғын үй аулалары да бар.

Ондағы аяқ жолдар жаңғыртылып, есік алдына орындықтар орнатылып, жарық шамдар қойылған. Ішкі орамдағы жолдар да төселген. Балалар алаңшасына төселетін жұмсақ резеңке төсеніштер мен асфальт бұзылса, мердігер ұйымдар қайта жөндейді. Бір қуанарлығы, құрылысқа қажетті заттардың басым бөлігі – отандық. Ең бастысы, сапаға мән беріліп отыр.

Мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында жыл соңына дейін тағы 300 ауланы жөндеу жоспарланған. Ал 2021 жылы 319 аула қайта жаңғыртылмақ. Бұған қоса, спорт алаңдарын түгелдей жаңарту межеленген.

Атап айтар болсақ, биыл Абай ауданында 107 ауланы абаттандыру жұмыстары жоспарланған. Әл Фараби ауданында 83 ойын алаңы мен 18 спорт алаңшасын құру межеленген. Ал келер жылы 109 ойын алаңы мен 7 спорт алаңшасы құрылмақ.

Еңбекші ауданында биыл 83 аула абаттандырылып, 6 ашық спорт алаңшасы құрылмақ, 2021 жылы 9 ашық спорт алаңшасын құру жоспарланған.

2020 жылы Қаратау ауданында 57 аула абаттандырылып, 20 ашық спорт алаңы құрылды. Жыл соңына дейін тағы 8 аула жаңартылып, 10 ашық спорт алаңшасын салу жоспарда бар. 2021 жылы осы ауданда 58 аула қайта жаңғыртылмақ.

ЖАҢА САЯБАҚ САЛЫНЫП, ГҮЛЗАРЛАР КӨГАЛДАНДЫРЫЛАДЫ

2020 жылы ТМД елдерінің мәдени астанасы болуына байланысты қазіргі таңда қаламызда қала келбетін көріктендіру бойынша үлкен жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, жаңа саябақ салынып, аллеялар абаттандырылуда.

«Биыл біздің қала ТМД-ның мәдени астанасы мәртебесін алды. Әрине, қонақтарды наурызда қарсы аламыз деп үміттенген едік, бірақ пандемия әсерінен жоспарлар өзгерді. Дегенмен, қала келбетін көріктендіру бойынша үлкен жұмыстар атқарылуда. Қонаев даңғылы мен Иляев көшесі, Қонаев даңғылы мен Түркістан көшесі қиылысындағы, Байтұрсынов ескерткіші орналасқан алаң және 8 шағынауданындағы аллеяда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жаңа үлгідегі жарықшамдар, ыңғайлы орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылуда», – деп жазды қала әкімі Instagram парақшасында.

Соның бірі – «Д.Қонаев даңғылы мен Ғ.Иляев көшесі қиылысындағы гүлзарды көріктендіру жұмыстары» жобасы және «Д.Қонаев даңғылы мен Түркістан көшесі қиылысындағы гүлзарды көріктендіру жұмыстары» жүргізілуде.

Сондай-ақ биыл қала аумағында, «Шәмші әлемі» аллеясы мен «Чернобыль апатынан» қаза болғандарға арналған аллея абаттандырылып, «Әл Фараби алаңы» *(орыс драма театрына басты кірер есік алды)* қайта жаңартылмақ. Бұдан бөлек, Орталық стадион аумағындағы «Тұлпар» балалар темір жолы стансасының алаңын абаттандыру жоспарда тұр.

Осылайша, Шымкент бүгінде атына сай желегі жайқалған жасыл қалаға айналып келеді.

Ең бастысы, тұрғындар, әсіресе, жастар атқарылып жатқан жұмыстарды бағаласа, саябақтар мен аллеялар көптеген жылдар бойы халыққа қызмет етері анық.

ПОШТАШЫ ҮЙ КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Өткен аптада Шымкентте 107 отбасы баспаналы болды. Бұл туралы Шымкент қаласы әкімі Мұрат Әйтенов Instagram әлеуметтік парақшасында жариялады.

«Бүгін Шымкентте ерекше іс-шара өтті. Тұрғын үй кезегінде тұрған 107 азамат пәтер кілтін алды. Олардың барлығы – көпбалалы және әлеуметтік жағынан әлсіз топқа жатқызылғандар.

Карантин кезінде адамдардың жаппай жиналуына тыйым салынғандықтан, баршасына пәтер кілті мен құттықтау хаттарды пошта арқылы жеткізуді жөн деп таптық.

Жыл басынан бері жоғарыда көрсетілген топтағы азаматтарға 692 пәтер пайдалануға берілді. Оның 458-не жаңа иелері қоныстанған. «Біздің кезегіміз қашан келеді?» деген қаншама тұрғын бар.

Бүгінде тұрғын үй алу кезегіне 39 604 азамат тіркелген. Оның ішінде:

– жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар –1643;

– көпбалалы отбасылар – 5236;

– халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы – 12847;

– мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым және әскери қызметшілер -19852 азамат;

– тұрғын үйі апатты деп танылғандар – 26.

Ең алдымен, алғашқы үш топты тұрғын үймен қамтамасыз етеміз. Мемлекеттік және бюджеттік санат бойынша кезекте тұрушылар да өз кезегін асыға күтуде. Сондықтан осы санаттағы азаматтарға да үй бөлу жайын қарастырудамыз», – деп жазба қалдырды қала басшысы.

Иә, баспана кілтін пошта қызметкерлерінің апарып беруі қала тұрғындары үшін тосын сый болғаны анық. Әсіресе, күйбең тірлікпен жүріп, үй кезегінің келіп қалғанын аңғармаған адамдарға ойда-жоқта пәтер кілтін қарапайым пошта қызметкері есігінің алдына әкеліп бергенде қуаныштың көз жасы, толқыныстың ерекше лебі сезілді. Жасыл желек жамылған мегаполисте қоныс тойы көп болғай!

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

BIRLIK
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz
5

Сұхбат

Жетісу жер жаннаты ғана емес, бұл сан түрлі этнос өкілдеріне құтты қоныс, ыстық ұя болған қасиетті мекен. Соңғы жылдардағы халық санағында өңірде 105 ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады. Олардың ішінде қазақ, орыс, ұйғыр, кәріс, әзірбайжан, күрд, татар, неміс және украин сияқты көптеген ұлттардың өкілдері бар. Жерұйық Жетісудың қай өңірі болсын, осы этнос өкілдері қоныстанған. Әсіресе, тарихи Талхиз топырағы әртүрлі халықты бауырына басқан, бірнеше ұлт пен ұлыс қатар тамыр жайып, өсіп өркендеп отырған өлке. Талхиз деп отырғанымыз, қазіргі Талғар.



Ханым ТАСЫБАЕВА:

ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНІ БОЛҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Талғардың суын ішіп, топырағында түлеген жан. Атасы мен әжесі алмағайып жылдары қазақ жеріне келіп, табан тірепті. Қазақ елінен бақыт тапқан түрік ұлтының қызы, біздің кейіпкеріміз Ханым Тасыбаева бүгінде қазақтың үлкен қарашаңырағының келіні. Бірнеше бала тәрбиелеп отырған алтын құрсақты ана, асыл жар. Отбасы мен мемлекеттік қызметті қатар алып жүрген кейіпкеріміз Талғар аудандық ішкі істер бөлімінің аға лейтенанты, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты болдырмау жөніндегі инспектор.

Jas qazaq: Ханым, сіздің қазақтың келіні екеніңізді естідік. Өзіңізді толық таныстырып кетіңізші. Қайда туып, қайда өстіңіз?

Х.Тасыбаева: Мен Алматы облысы Талғар қаласында дүниеге келіп, осы өңірде өстім. Қазіргі ҚазҰУ-дың заң факультетіне 1993 жылы түсіп, 1998 жылы оқуымды бітірдім. 2000 жылдың қаңтар айынан бастап, Талғар ауданының ішкі істер саласында қызмет етіп келемін. Жолдасым да осы салада, бір жерде қатар жұмыс істейміз.

Біз 2008 жылы отау құрып, қазіргі күні 4 баланы тәрбиелеп отырған отбасымыз. Менің ата-әжем сұрапыл соғыс аяқталғаннан кейін, Кавказдан осы жерге қоныс аударған. Қателеспесем, ол кісілер осы өңірге жер аударылып келді. Талғар қаласына тұрақтап, осында біржолата қалды. Менің әкем Алматы колхозында жұмыс істеген қарапайым шаруа адамы. Анам үй шаруасындағы адам.

Отбасында үш бала тәрбиелендік. Менен үлкен ағам қайтыс болып кетті. Қазір сіңлім бар. Ол бес баланың анасы. Шымкент қаласында тұрып жатыр. Ал мен болсам, туған жерімде қалып, ішкі істер саласында қызмет етіп келемін. Жолдасымның әкесі Құсдәулет Тасыбаев – соғыс ардагері. Атамыз 2018 жылы 96 жасына қараған шағында дүниеден озды. Өзіңіз айтқандай, қазақтың үлкен шаңырағына келін болып түстім. Балаларым қазақ мектебінде оқиды.

Jas qazaq: Алғаш келін болып түскен кезіңіз есіңізде ме? Өзге ұлттың салт-дәстүрін қабылдау, менталитетіне сіңіп кету қиын болған жоқ па?

Х.Тасыбаева: Менің жолдасымның туыстары «заманауи» кісілер. Әсіресе жолдасымның әкесі мені бірден қабылдап, қызындай көріп, қамқорлығын аямады. Біз қазақ халқының салт-дәстүрімен отау құрдық. Жолдасымның әкесі бастап келіп, құдалық той болды. Құдалық болғанда да кәдімгі құйрық-бауыр жесіп, төс қағыстырған мың жылдық құдалықтың рәсімі жасалды. Жолдасымның әкесі ішкі істер саласында қызмет еткен адам. Жолдасымның бірінші некесінен екі егіз ұлы бар. Олар да әке жолын қуып, құқық қорғау саласында қызмет етеді. Мен де барымша осы салаға өз үлесімді қосып келемін. Біздің әулет 2017 жылы құқық қорғау саласында қызмет ететін династиялар арасындағы Алматы облысы бойынша өткен сайыста 2-орын алды. Кәдімгідей салтанатты түрде марапатталған болатынбыз.



Jas qazaq: Еліміздегі түрлі ұлттың басын қосқан Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы туралы не айтасыз? Талғар ауданындағы Ассамблея жұмысынан хабарыңыз бар ма, қалай жүріп жатыр?

Х.Тасыбаева: Талғар ауданында отыздан астам ұлттың өкілі бір ананың баласындай, бір қолдың саласындай тату-тәтті өмір сүруде. Бұл татулықтың сыры – осындағы барлық халықтың тағдырлас өмір сүруінде. Қиын-қыстау кездерді бірге өткерді. Өзіңіз де жақсы білесіз, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қазақ жеріне бірнеше жүз мың адам қоныс аударылды. Ол өткен тарих. Алайда сол бір алмағайып жылдары осындағы қазақтар жер аударылған халықтарға баспана беріп, бауырына басты. Арып ашып келген жұртқа құшағын ашпаса, бүгінде біз өсіп өнбес едік. Сол үшін де еліміздегі барша этнос өкілдері қазақ халқына алғыс айтуы керек деп ойлаймын!

Қазақстан халқы Ассамблеясының ауданымыздағы жұмысын жақсы білемін. Жыл сайын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні осындағы барша этнос өкілдерінің басын қосып, мерекелік кеш өткізеді. Кештің мақсаты – көңіл көтеру ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрін насихаттау, тілін мен діліне құрмет көрсету деп білемін. Өйткені, қазір көптеген мемлекеттерде саны аз халықтың салт-дәстүрі, мәдениеті шеткақпай көріп, елеусіз қалуда. Ал біздің мемлекетте басқа ұлттардың тарихын ұмыттырмайтын, мәдениетін насихаттайтын, тілі мен дінін, өмір сүру салтын жаңғыртып отырған Ассамблея деген қарашаңырақ бар. Бұл Қазақстан деген мемлекеттің басқа халықтарға құрметі деп білемін. Қазақстандағы ешбір халық тілі, мәдениеті жағынан қысым көріп



деп айтылады. Құжатта осылай жазылған.

Жасыратыны жоқ, Қазақстан халқы Ассамблеясы дүние жүзіндегі татулық пен түсіністікті сақтаудағы теңдессіз ұйым. Түрі басқа болғанмен, тілегі бір, тілі басқа болғанымен, жүрегі бір жүздеген ұлт елдегі бірлікті бекемдей түсуге негіз қалаған, достық пен татулықты ту етіп ұстанып, ұлттық-мәдени салт-дәстүрлерімізді, әдеп-ғұрып, өнер мен мәдениетті қалыптастыра отырып дамыту, кейінгі ұрпаққа өнегесі мол тәлім-тәрбие беру деп есептеймін өз басым.

Елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі этнос өкілдеріне өздерінің тарихын, салт-дәстүрлері мен халықтық қалпын сақтауы үшін үлкен мүмкіндік пен конституциялық құқық берілген. Ең бастысы, қазіргі күні қазақстандықтар өзара келісім мен бірлікке қол жеткізіп отырған мемлекеті баянды, мәңгілік ел ететін факторға айналып отыр. Түрлі ұлттар мен ұлыстар ұмыт бола бастаған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алды. Әлем елдері Қазақстанды көпұлтты мемлекет ретінде біледі, елдегі ұлт пен ұлыстың мызғымас татулығы, бірлігі өзгелерге үлгі боларлықтай. Елбасы Н.Назарбаевтың тілін, дінін бөлек деп бөлмей, жүргізіп отырған саясаты осы барлық ұлт пен ұлысты татулықта өмір сүруге үндеуде. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының жүргізіп отырған саясаты, жұмысы мәңгілік елдің мүддесі мен мұраты үшін деп білемін.

Jas qazaq: Талғар ауданында тұратын ұлт пен этнос өкілдерінің бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруінің сыры неде?

Х.Тасыбаева: Біздің ауданда сан түрлі ұлт өкілі тұратынын айтып өттім. Бір қуантатыны – мұндағы ұлттар бір-бірімен өте тату-тәтті өмір сүреді. Осы өңірдің тумасы, ішкі істер саласының қызметкері отырған жоқ. Қайта басқа этнос өкілдерінің мәдениетін сақтау үшін мемлекет әртүрлі жолдармен өнімді жұмыстар істеуде. Ассамблея құрып, БАҚ беттерінде үнемі насихат жұмысы жүруде. Осыдан кейін қалай риза болмайсың?!

Jas qazaq: Ассамблеяның әуел бастағы құрылу мақсаты мен міндеті туралы не айтасыз?


Х.Тасыбаева: Ассамблея қазақ халқының топтастырушылық рөлін негіз ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру екені анық. Ал Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынасты, өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау. «Ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту» үйрендік. Осының бәрі сол кездегі тәрбиенің жемісі деп ойлаймын.

Jas qazaq: 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл атаулы мерекені отбасыңызбен атап өтесіз бе?

Х.Тұрсынбаева: Біз отбасымызбен елімізде өтетін барлық мерекені міндетті түрде атап өтеміз. Мысалы, Пасха мерекесі болса, оны да барынша атап өтемін. Мұсылмандардың Айт мейрамы келгенде, оған да барынша дайындаламын. Балаларымызға жолдасымыз екеуміз әрбір мерекенің мәнін айтып, түсіндіріп отырамыз. Түрік ұлтының қызы екенімді ешқашан есімнен шығарған емеспін. Бірақ «қазақ халқының келіні» деген ат маған үлкен жауапгершілік жүктейді. Себебі жұрт мені «Тасыбаевтардың келіні» деп емес, «қазақтың келіні» деп біледі. Сондықтан, «Қазақтың келіні» деген киелі атты кірлеткім келмейді. Сол үшін де отбасылық өмірде барымды саламын. Үйде ең алдымен қазақтың ұлттық тағамдарын істеймін. Ет, қазы-қарта, жал-жая, сорпа біз қолданатын басты тағамдар. Оның ішінде ет ең сүйікті асымыз. Егер жолдасымның туыстары қонаққа келетін болса, қазанға ет салып, дастарханға міндетті түрде ұлттық тағамдарды қоямын. Ал егер өз жағымнан туыстар келетін болса, мәнті дайындаймын.

Jas qazaq: Өзіңіздің араласатын достарыңыздың ішінде өзге ұлт өкілдері бар ма?

Х.Тасыбаева: Әрине, бар. Әсіресе 10 жылдан бері жақын құрбым болып кеткен кәріс ұлтының қызы бар. Бірге



өскен орыс ұлтынан көршілерім болды. Олар Ресейдің Калининград облысына көшіп кетті. Сонда да осы күнге дейін хабарласып тұрамыз. Америка, Канада, Ресейде тұратын достарым бар. Әлі күнге дейін емен-жарқын араласып тұрамыз. Мысалы, жолдасым Еңбекшіқазақ ауданының тумасы. Оның ұйғыр ұлтынан достары өте көп. Тіпті оның грек көршілері болған. Әлі де олармен жақын араласады. Жолдасымның кіндік шешесі де ұйғыр ұлтының қызы болған. Сондықтан біздің отбасылық өміріміздегі тәрбиеде ұлттарды бір-бірінен бөлу, бөлектену деген ұғым жоқ. Шынымды айтсам, мен үшін Қазақстандағы барлық ұлт өкілдері бір елдің, бір Отанның азаматтары болғандықтан, бәрінің тағдыры ортақ, қайғысы мен қуанышы бір болуы керек деп ойлаймын. Өзім үшін солай. Өйткені, менің айналамдағы адамдардың ешқайсысы ұлтқа бөлінбейді, бөлмейді.

Jas qazaq: Балаларыңыздың есімін кім деп қойдыңыздар?

Х.Тасыбаева: Ең үлкен ұлымның есімі – Нұрмұхаммед. Екіншісі – Нұртас. Қызымның аты – Таиса. Ал кенже қызымның есімін өзім қойдым. Оны аты – Талия. Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін өте жақсы білемін. Өйткені, кішкентайымнан қазақтармен бірге өстім. Балаларымызға ат қойғанда да қазақ халқының ұғымы, таным-түсінігі, қалыптасқан салт-дәстүріне негізделдік. Мен қазақ жерінде туып, қазақтармен бала күнімнен бір отбасының адамдарындай өстім дедім ғой. Сол үшін де маған қазақтан артық туыс, Қазақстан деген Отанымнан ыстық мекен жоқ. Отан ең алдымен –Отбасың. Мен үшін отбасым ең бірінші орында. Патриоттық сезім дегеніміз – ең алдымен, өзіңнің туып-өскен жерің, елің, мемлекетіңе деген махаббатың.

Шетелге жақсы өмір іздеп кеткен кейбір таныстарымыз елге қайта оралып жатыр. Олар өз елінің қадірін түсініп қайтып келуде. Мен осы жерде туып-өстім, осында кішкентай отауымды тігіп, отбасын құрдым. Осы елде арманымды жүзеге асырдым. Сондықтан, әрбір адам өзінің өскен жерін қадірлеуі керек. Жұмақ – туған жерің, өскен елің, саған төрін берген жақындарыңның жанында деп білемін.

Jas qazaq: Қауырт жұмысыңыздың арасынан уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

6 jq BIRLIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ҰРПАҚ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

Биыл Ұлы Жеңістің 75 жылдығын облыстағы 64 соғыс ардагері қарсы алды. Соның ішіндегі 40 ардагер – өзге ұлт өкілдері. Сұрапыл соғыста елді жаудан қорғаған аталарымыз бейбіт күнде облыстың дамуына үлес қосып, бүгінгі таңда Жетісудағы әр ұлттың береке-бірлігін сақтау мен өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің үлгісіне айналып жүр. Сонымен қатар, олар облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясымен тығыз қарым-қатынаста болып, ерліктің даңқын, еркіндіктің беделін арттыру үшін еңбектенуде.



Қалыптасқан дәстүр бойынша Алматы облысының әкімі Амандық Баталов 9 мамыр – Жеңіс күні облыстағы соғыс ардагерлерін құттықтап, Талдықорған қаласындағы соғыс ардагерінің үйіне барып, қал-жағдайын сұрап қайтты. Соның бірі – соғыс және еңбек ардагері Михаил Баранов.

Михаил Васильевич Баранов 1923 жылы 1 қарашада Липецк облысының Большие Хомуты ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1937 жылы жетіжылдық мектепті бітіріп, кейін №7 Плеханов атындағы малдәрігерлік техникумын бітірді. 1941 жылы кеңес армиясына шақырылып, Чувашияда 6 айлық курстан өтеді. Сосын 796 атқыштар полкіне жіберіледі. 1942 жылы 12 маусымда қолынан жараланып, Уфа госпиталінде, Өскемен қаласындағы оңалту орталығында емделеді. Денсаулығы қалпына келген соң 1943 жылы мамыр айында Семей қосалқы полкіне, содан кейін Шаржоу қосалқы полкіне жіберіледі. Осы тұста оған осындай қорқыныштардан арылту керек», – дейді ол.

Талдықорған қалалық емханасының жаңа ықшамауданынан ашылған бөлімшесінде қазақшаға жетік жас маманның бар екенін естіп, телефон арқылы хабарластық. Өзін Арина Комогорова деп таныстырған бойжеткен отбасын, ата-анасын, сіңлісі Ксенияны жақсы көретінін, демалыс күндері саяжайға барып, табиғат аясында еңбек еткенді ұнататынын, қазақ тілін меңгерудің қиындығын сезінбегенін, дәрігерлік Ташкентте геодезист білімін алу ұсынылды. Осы мамандық бойынша 1946 жылға дейін Моңғолияда геодезиялық отрядта қызмет етті. 1947 жылы туған жеріне оралып, кейін ағасының шақыртуымен Талдықорғанға көшіп келеді. 1958 жылы Алматыдағы малдәрігерлік институтын бітіріп, Талдықорған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына жұмысқа шақырылды. Көп жылдар бойы облыстық кәсіподақтар кеңесінде жұмыс істеді. І дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, жауынгерлік және мерейтойлық медальдары бар.

Михаил Баранов өмір бойы жастар арасында патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізіп келеді. Өмір бойы еңбектеніп, адалдықты ту етті. Бүгінде тоқсан жасты еңсеріп қалған соғыс ардагері облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы және қала мектептері өткізетін қоғамдық шараларға қалмай қатысады. Онда жастарды адал өмір сүруге, үлкендерді құрметтеуге, өз тарихын есте сақтауға, этностар арасындағы береке-бірлікті сақтау мен қалыптастыруды насихаттап жүреді.

Кездесу барысында облыс әкімі ардагерге Президенттің құттықтауын оқып беріп, Жеңістің 75 жылдығына орай шыққан «Ерліктің даңқы, елдіктің нарқы» атты жаңа кітапты сыйға тартты. Ол кітапта кейіпкеріміздің де шұғылалы өмір тарихы жазылған болатын.

«Облыстағы барлық ардагерлер туралы мынадай кітап шығардық, оның ішінде сіз туралы да мақалалар бар, Михаил Васильевич. Сіздер туралы, сіздердің ерліктеріңіз жайлы естеліктер біздің жадымызда мәңгі сақталады. Сіздер – нағыз батырсыздар, жастарға үлгісіздер. Денсаулығыңыз мықты болсын, 100 жасқа аман-сау жетіңіз, саулығыңызды тілейміз», – деді облыс әкімі.

Айта кеткен жөн, облыстағы Жеңістің 75 жылдығына аман-есен жеткен 64 Ұлы Отан соғысының ардагерінің әрбіріне 1 млн теңгеден материалдық көмек берілді.

Өз кезегінде ардагер де алғысын білдірді: «Бұл бәріміз үшін керемет мереке.Береке-бірлікке, ынтымаққа, татулыққа шақыратын мереке. Құттықтап, құрмет көрсеткендеріңе рахмет айтамын», – деді Михаил ақсақал.

Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайтындығын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр. Осы бағытта облыстағы этномәдени орталықтар мен этнос өкілдері де барынша үлес қосуда. Олар жыл сайын аймақта өтетін мәдени-көпшілік және түрлі мерекелік шараларда ұлттар достығын паш етіп, ұлттық мәдени мұралардың салтанат құруына септігін тигізіп келеді. Сондай-ақ облыстағы өзге ұлт өкілдері қазақ тілін меңгеруді қолға алып, мемлекеттік тілдің қанатын кең жаюына үлес қосып жүр.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге түрлі ұлт өкілдері аянбай атсалысуда. Елімізде кез келген тіл мызғымас құндылықтардың үлкен қазынасы болып табылады. Мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін құрметтейтін, орта мектептің жоғары сыныбында оқитын Маргарита Нагаева да осы ұстанымды өз өмірінде басшылыққа алады. Бізбен әңгіме барысында Маргарита қазақ тілін үйренудегі жоғары нәтижеге қалай қол жеткізгенін былай баяндады:



Маргаританың кезекті жеңісі

«Бірінші кезекте менің Отаным Қазақстан екенін атап өткім келеді. Мен үшін ең қымбат, ең ыстық, сүйікті ел. Ал қазақ тілі өте бай тіл. Біздің республикамыздың Конституциясы бойынша қазақ тілі – мемлекеттік мәртебесі бар тіл. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекеттік тіл – Қазақстанның барлық халқын біріктіретін тіл екенін атап өтті. Ал біздің мемлекетте әр түрлі ұлт өкілі тұрады. Олар, менің ойымша, мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс.

Өзім бірінші сыныпта қазақ тілін үйрене бастадым. 1-4 сыныптарда еркін сөйлей алмадым. Бірақ жыл сайын қазақ тіліне қызығушылығым артты. Жалпы тілдерді, әсіресе, мемлекеттік тілді үйренуге аса жауапкершілікпен қарайтын болдым. Грамматиканы оқыдым, сөздерді жаттадым, ал ең қызығы 7-сыныпта басталды. Тілді үйренуде қаншама қиындық болғанымен, достарым, сыныптастарым көп көмек көрсетті. Тілді жылдам меңгеру үшін тәжірибе қажет, соның арқасында тілге тез үйреніп, қойылған сұрақтарға «автоматты» түрде жауап беруді үйрену мүмкіндігі пайда болады. Сондай-ақ ұстазым Зылиха Молдахметқызына алғыс білдіргім келеді. Ол көмегін аямай, қолдау көрсетті.

Шын мәнінде, басты қиындық – біздің жалқаулығымыз. Қазақ тілін, жалпы кез келген тілді білу көп мүмкіндік сыйлайды.Біріншіден, бұл еркін қарым-қатынас мүмкіндігі. Екіншіден, мен әр түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Мысалы, жақында ғана мен «Ортақ Абай» байқауына қатысуға тәуекел еттім. Онда жүлделі үшінші орынға ие болып, лайықты марапат алдым.Байқауда Абай Құнанбаевтың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін жатқа оқыдым. Бұл өлең – Абай жанының шынайы бейнесі, онда ұлы ақынның қалай өмір сүргені, не туралы ойлағаны айтылады.

Бүгінде көпшілік «Мен қазақ тілінде сөйлегенде түсінемін, бірақ жауап бере алмаймын, ұяламын, кенеттен сөз дұрыс айтылмай қалам ба деп қорқамын» дегенді алға тартады. Менің ойымша, кез келген халық басқа ұлт өкілдері өз тілін үйреніп жатқанын мақтан тұтады. Адамдар мұны түсініп, өздерін мамандықты жанымен сүйетінін айтып, ашық-жарқын мінез көрсетті.

– Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулықтың әрдайым беки беруін, ынтымақ пен бірліктің нығаюын тілеймін! – деген Арина Геннадийқызы өз өміріне аз-кем шолу жасады.

– Талдықорған қаласында туып-өстім. Отбасымызда 4 адам бар. Әкем Геннадий Ескелді ауданына қарасты Малиновка деген ауылда дүниеге келген. Қазір «Темірбетон» зауытында жұмыс істейді. Анам Надежда – Ресейдің тумасы. «Темірбетон» зауытында жұмыс істейтін ол өте ашық, мейірімді адам. Менен бір жас кіші сіңлім Ксения дәріханада фармацевт болып жұмыс істейді.

Мен үшін мемлекеттік тілді меңгеру ешқандай қиындық тудырған жоқ. Кішкентай кезімнен аулада балалармен ойнап өскендіктен болар, қазақ тілін оңай үйрендім. Сол себепті «қиын болды ма?» деген сұрағыңызға жауап бере алмаймын. Өйткені, тіл білмей қиналған кезім есімде жоқ.

2013 жылы Талдықорған медицина колледжін бітіріп, фельдшер мамандығын алып шықтым. Бір жылдан соң Талдықорған қалалық емханасына учаскелік медбике болып жұмысқа кірдім. Осы кезеңде бір байқағаным, зор байлық саналатын денсаулықты тұрғындар аса бағалай бермейтін сияқты. Соның ықпалымен болар, қазіргі жұртшылық ұлттық тағамды тұтынуды тоқтатып, ұлттық құндылықтардан қол үзіп барады. Тіпті ауылды жерлерде әйелдер сиырды өздері сауып, сүтін бала-шағасына берудің орнына жасанды сүт өнімдерін қаладан алдыратын болыпты. Өкінішті, әрине, бұл, ең алдымен, денсаулыққа тікелей әсер етеді.

Осылай ой қорытып, қоғам өміріне алаңдаушылығы бар екенін жеткізген Арина Геннадийқызы арманы отбасын құрып, сәби сүю екендігін жасырмады. Үлкен үйде тұрып, жеке көлігімен саяхаттап жүруді ұнататынын, жақын құрбысы Гүлмирамен бірге Анталияға қыдырып қайтқысы келетінін де айтып қалды.

Сөзінің соңында көп ұлттың өкіліне мекен болған Ұлы даладағы береке мен бірліктің тұрақты, бейбітшілік пен ынтымақтың мәңгілік болуын аңсайтынын, жақында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқуға кіріскенін жеткізді.

Жыл өткен сайын Мемлекеттік тілге құрмет етіп, оны өркендетуде Талғар ауданындағы этномәдени бірлестіктер де ерекше үлес қоса бастады. Айталық, Талғар топырағында бірнеше ұлт өкілі түтін түтетуде. Татулық пен бірлікті ту еткен құт мекенде 2 саяси партияның филиалы, 46 мәдени бірлестік, 50-ге жуық үкіметтік емес ұйым өзара әріптестікте жұмыс істеуде.

«Қазақстандағы барлық этнос өкілдерінің мүддесін қамтамасыз етуші ұйым құру туралы идеяны алғаш рет Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылдың желтоқсанында өткен Қазақстан халқының бірінші форумында айтқан болатын. Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші алаң рөлін атқаруда. Осы себепті, біздің аудандағы этномәдени орталықтардың қатысуымен көптеген мәдени іс-шара ұйымдастырылып, достық пен бірлікті, татулықты нығайтуға ұйытқы болып отырғанын ерекше атау ләзім», – дейді аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гауһар Сәлімбаева.

Ауданда грек, түрік, ұйғыр, славян, белорус, корей этномәдени бірлестіктері ішкі саяси тұрақтылықты қалыптастыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіру үшін өз үлесін қосуда. Ұзақ жыл бойы табандылықпен еңбек етіп келе жатқан грек этномәдени бірлестігінің басшысы Константин Муратиди, ұйғыр этномәдени бірлестігінің басшысы Имин Тохтахунов, түрік этномәдени бірлестігінің басшысы Аббасалы Исмаиловтардың ұлттар достығын нығайтумен қатар, мемлекеттік тілді дамытуға қосып отырған еңбектері ерекше. Сонымен қатар, олар қайырымдылық іс-шараларына да белсене атсалысып келеді.

ТҮЙІН

«Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры – тірлікте» деген. Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Сондықтан, ортақ Отанымыздың жарқын болашағы жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, таулық пен бірлікте тіршілік ету – бүгіннің басты мақсаты. Бұл жолда этномәдени бірлестіктердің атқарар шаруасы аз емес.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Алмағайып жылдары талай ер боздақ кетті, бодан болды. Сондай есіл ердің бірі – Құндақбай Төлендіұлы. Ол ұлы жүздің қаңлы руынан шыққан. 1900 жылы Жетісу жерінде, Қоғалы өңірінде туған. 1928-30 жылдар болған алапат аштық кезінде ерекше қабілетімен көзге түседі. Ол оққағары бар, құралайды көзге ататын мерген, цирк майталманы болған. Компескі кезінде қызыл үкіметке қарсылық білдіріп, қазақтарды қытай жеріне көшіруді ұйымдастырған, ел тізгінін ұстаған азамат. Қызыл әскерлер Қытайға ауған қазақтарды алдынан күтіп алып, оққа байлайды. Сонда батыр, мерген Құндақбай араша түсіп, көп қандасын аман алып қалады. Кейін өзі де Қытайға өтіп, 1949 жылы Мао үкіметі атып өлтірген. Құндақбай Төлендіұлы туралы жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың жаңа романынан үзінді жариялап отырмыз.

ҚЫЗЫЛ ҚАҢЛЫ ҚҰНДАҚБАЙ

(романнан үзінді)

Бұл жоспарға сәл-пәл өзгеріс енді, Құндақбай ұзақ жүріске қажетті ер-әбзелдердің оны-мұнысын алуға Құлжа сыртындағы базарға келгенде ойда-жоқта әлгі Қоғалыда, Матай таудың бөктерінде қызыл командирдің оғынан қаза тапқан ел ардақтысы жалайыр-қарақалпақ Диханбай қажының баласы Смағұлды ұшыратпасы бар ма? Екеуі бір-бірін көрмегелі неше заман? Алғашқыда тосырқай бір-біріне сенімсіздікпен қарап, оқшырая тұрысты. Тіл табысу бірте-бірте жүзеге асты. Не деуге болады бұл күнде, Смағұл Диханбайұлы Омбыда оқыған, қызыл бәлшебектердің нағыз сойыл соғарына айналған жан, ал Құндақбай солардың «қанды басың бері тарт» деп жүрген адамы. Осының бір басы үшін олар неше мәрте «сыйақы» тікті екен? Тек Құндақбайдың қырағы көздері қажы баласының жүні жығылыңқы, әрі киім-кешегінің де олпы-солпы екенін бірден ішке түйді. «Тап мынау мені қарауылдаған салпаңқұлақ емес» деген байламның бірден жалына жабысты. Әрі бұрынырақта Смағұлдың Жаркенттегі қызметін тастап, осылай шекара асып жоғалғанын естуі де сол пиғылының отын үрлеген. Үсті-басы қару-жарақ толы, әрі мынау ығы-жығы ел, қан базардың ортасы, бұл Құндақбайдың қай жансыздан да қорқатын реті жоқ.

Алғаш тіл қатқан Құндақбай:

– Есенсіз бе, қажы баласы?

– Қара басым есен-ау! Өзгесінен жұрдаймын! – деп Смағұл да салған жерден ашық сөзге шақырғандай сынай танытты.

– Үй ішің, кішкентай қара сирақтарың аман ба? – деп Құндақбай сәл шошына сұрақ қойды.

– Үй ішімді тау мен тасты сағалап жүріп, көшіріп әкеткенмін, бәрі де осында, тек соңғы он жылдай уақытта нені мұрат тұтып, не үшін жанымды шүберекке түйіп қызмет еттім, соның ызасы жүрек қызылдатқанда қара жердің жарығын іздеймін.

Смағұлдың осы наласы «Мың бір түннің» хикаяттарындай бас-аяғы жоқ жырды бастарына шелектеп құйған, кеше ғана Құлжатай, Кенебай, Денебай – үшеуінің бақылауында Қоғалы өңіріне қарай шекара асқан Ералыны есіне салды. Бұл Смағұл атақты қажы баласы, орыс оқуының түбін түсірген, әрі Алаш Ордаға да, мына бәлшебектерге де үлкен лауазым иесі ретінде жалданып үлгерген әккілігі бар, ал Ералы өрім иық кедейдің баласы, жетімек, тек маңдайына қызыл жұлдызшасы бар «буденовка» киіп, мылтық ұстап, өз қандастарына қарсы оқ атуды ғана меңгерген. Сөйте тұра, бұл екі қаріпті өзара байланыстырған ортақ желі бардай. Ол желінің атауын Құндақбай тез тапты. Ералыда тығыны ашылмаған жүйрік көкірек, мына Смағұлда да солай ішкі кең дүние, онысы оқу-шоқуының мәзіріне толы, сөйте тұра бұл екеуі де жардың басынан құлап, қол-аяқтарын жарақаттап, әлсіреген мүшкіл немелер. Екеуі де жас басымен өз өмірлері үшін өкініштің уын ішкендер. Міне, Құндақбай осы екеуінің осындай алмағайып халдерінен өзі үшін бір саңлау табуға аңсары ауды.

Құндақбай өзінің «дипломатиялық» қабілетіне басып, Смағұлды одан әрмен сұхбатқа тартты. Смағұл да кекірейетін жан емес екен, іштегі запыранын бұл да төкті. Сөйтсе, бұл Смағұл – бәлшебектердің оң көзі, мына Төленді баласының соңғы екі-үш жылғы жортуылдарына жақсы-ақ қанық екен. Тіпті әлдекім оның әрбір буынын сап-сабымен өз кезінде Смағұлдың құлағына құйып отырғандай-ақ. Солардың әрқайсысын бақайшығына дейін шағып, қырмызыдай талдап, Құндақбайдың өзіне баяндап бермесі бар ма? Қара шойыннан берік «түз тағысы» тап осы тұста бір әлсіздікке бой алдырды. «Жоқ, оқу аттының жөні бөлек, мен қанша өрекпісем де осынау қажы баласы менен әлдеқайда берік, өресі жоғары, қыран бүркіттей алысты шалары бар, бірақ ол үшін бұған құлдыққа жүрер жайым жоқ, ертең Қоғалыға қарай шекара асып, нағыз қанды доданың ортасына түсер қарсаңда мұның ішкі тірліктерінен біраз тояттанайын, аты-жөні жоқ қойып кетсем тағы да темір тікенектей шеңгелге ұрынармын, кей жайды ақылға салған жөн, жә, жә, сабыр! Тек ол ойымды қалай жүзеге асырамын» деген ой-толғаныстарға, сұрауларға маталды да қалды.

Құндақбай енді өз тіл жағын қарыстырып, көбіне Смағұлдың баянына ықылас қойды. Бұның пайымдары құлаққа жағатындай-ақ екен. Бұл негізінен өз басынан кешкендерін тізбелегенімен кейбір сөз саптаулары кенет осындағы орыс Клещов Фома Ларионышты еске салды. Бұған Құндақбай жерден жеті қоян тапқандай қуанды. «Апыр-ау, осы қажы баласы мен сол орыс офицерін беттестірсем қайтеді?» деген сауал табанда көкірегін ойып түсті. «Шақпақ тастарды бір-біріне соққыласа ұшқын ұшады. Ол ұшқындардың басқалардан жарығы әлдеқайда мол ғой, мынадай түн-түнекке ұқсаған заманда сол жарық молдығына не жетсін?»

* * *

Бұл үшеудің кездесуі сол күні Құлжа қаласынан сәл шығыс бетте, Іле дариясының оң жағалауындағы Құндақбай лашығында басталған.

Ақтолқын өз отағасына:

– Заржақ нағашың Ералының жырынан құлағың сарсып еді, енді оның қышымасы қозып, мыналарды ертіп әкелдің бе? – деп қағытты. Бұл шамшыл мінезі бар жас әйел бала күйігінен, әрі Қытай жеріндегі бейтаныс тұрмыс ауыртпалығынан бет-жүзі, киім киісі арқылы өзінің кәрілікке ерте мойынсұнғанын білдіргендей еді. «Тсс» деп, Құндақбай қатқыл қабағымен «аузыңды жап» деген белгі бергесін ғана тыйылды. Бұл Ақтолқын орыс офицері Клещовты бұрын бір мәрте көрген де, бірақ мына екеудің бірі сол екенін бұл жолы ажыратпады. Себебі Құндақбай «Пам-Пама» атайтын бұл Фома Ларионыш соңғы айларда үлкен өзгерістерге ұшыраған. Бұрынғы әскери адамға лайық сыптай денесі екі бүктеліп, бет-аузын кереқарыс жирен сақал-мұрт басқан. Басына осындағы қытай, дүңген, ұйғыр, қазақ – бәріне ортақ шошақ киіз қалпақ киіп, нағыз шошқа бағар орыс мұжығына ұқсаған. Бұндай өзгерістеріне әрі қолына қабығы аршылған ұзын ағаш таяқ ұстайтынын қос.

Бұл Фома Ларионыш Клещовтың бұлайша «тон ауыстырғанын» Құндақбай да түсінбеген. Тек шекарадан арғы беттегі ГПУ тыңшылары бері өтіп, Құндақбай тәрізді қазақ нәсілділерді ғана емес, қару-жарақтың тілін білетін, кейбірін тіпті өз қолымен құрастыратын Ресей әскерилерін де тіміскілеп іздестіруде деген қауесет өз құлағына да жеткесін, ол жайын сұрап мазаламаған. Клещов, Смағұл, Құндақбай – үшеудің сұхбатына мұздай қаруланған бес-алты жас жігіт қатысып отырды. Сыртта тағы екі-үшеуі бар. Сол сырттағы екі-үшеуді мұндағылар әрбір бие сауымындай уақыттан соң алмастырып отыруға міндетті. Бұл Құндақбайдың өзі ұйымдастырған күзет тәсілі. Енді қалай? Бұл үшеудің қай-қайсысы да қызыл өкімет атжалмандарының «ат басындай алтыннан» да зор олжа үшін күні-түні дамылсыз іздеп жүрген адамдары, әрі бұл үшеу әрқайсысы үш тараптан кеп қосылып отыр ғой, бірі болмаса бірі қауіпсіздік жөнінде әнтек жаңсақтық жібермесіне кім кепіл? Әрі күзеттегі жас жігіттердің Құндақбайдың ойынша, мына екі ұғламаның пікір сайысынан көкіректеріне жарық құйылса, зияны жоқ.

Сөзге алғаш пәрмен берген Смағұл:

– Әй, Фома Ларионыч мырза! Бірден төтесінен тартшы! Көп жайдан мен де хабардармын! Осы Қытайда да, шекараның арғы бетінде де қызыл өкіметке кереғарлар ыбырсып жатыр! Бірақ қызыл өкіметтің де беті күшті. Осы біздің тырбаң-сырбаңымыздан ештеме өне ме? Әлде біздікі сағым қуамын деп, өз еркімен қан құшу ма?

– Неге өнбесін? Апыр-ау, біздің өсіп-өнуімізге қажетті құнарлы топырақты сол қызыл өкіметтің өзі суарып, қопсытып беріп отыр емес пе? – деп Фома Клещов та бірден ашығына басты. Бұдан әріде мына «конфискация» дегеннің бас жарып, көз шығаратын үлкен қателік екенін жұрттың бәрі көріп үлгерді. Қазақ даласының мал ұстаған жұрты ғана емес, сонау ішкі Ресейдегі кешегі фабриканттар, жер иелері, интеллигенция өкілдері де көз қанықтырды. Ал Мәскеудегі орталық үкіметте осы жөнінде үлкен тайталас ушығып, Бухарин, Рыков, Томский, Зиновьев сынды аса қабілетті экономист-саясатшылар қызметтен қуылды. Ресейдің көп губернияларын, Украинаны, Қазақстанды, өзге де шағын ұлттар аймағын ашаршылық жайлады. Артель, колхоз, коммунизм атты құрғақ уәделер қарынға ас болып сіңер емес. Сөйткен өкіметтің тамыры қиылмай қайтсін? Осыларды әдіптеп кеп ол сөзін былай жалғастырды:

– Мен жақында ғана сонау патша заманында үлкен шен-атақты иемденген барон полковник Попенгут атты әріптесімді жолықтырдым! – деп салды.



– Апыр-ау, қай Попенгут! – деп Смағұл бар даусымен айғай салды. Смағұлдың мұнысынан тұмсықтарын ішке бүккен күзеттегі үш-төрт жас жігіт те шоршып түскендей еді. Құндақбай да солай. Тек Клещовтың өзі сабырлы еді:

– Иә, кешегі Ресейдің ең үлкен атаманы, кейін қазақ жеріне жетіп, әлгі Анненков дейтінді сағалап, оның аяғы аспаннан келгесін осы Құлжа маңында бекініп, осында болъшевиктер жұмсаған чекистердің қолынан қаза тапқан атаман Александр Ильич Дутов дейтіннің ең жақын көмекшілерінің бірі Попенгут! Осындағы орыс эмигранттарының ең әуелде басын біріктірген сол Попенгут пен Дутовқа қарасты иеромонах Иона емес пе еді?!

Бұл сөздерді естігенде Смағұл көкірегіне оқ тигендей табанда былқ-сылқ етіп, бір жанына құлай жаздады. Бір кезде мұның қажы әкесі Диханбай сонау Матай таудың бөктерінде кеудесіне дарыған бір оқтан жан тәсілім етіп еді, мынау да тап соның кебін кигендей. Енді «шығар жан біржола шықсын» дегендей оқыған оқуы бар, көп қызмет атқарған зиялы жан Смағұл өз аузына ерік беріп:

– Сол атаман Дутовты о дүниеге аттандырған чекистердің бірі көз алдыңда отыр, шапсаң, міне, бас, Клещов мырза!!! – деп тағы дауыс салды. Бұл дауыстан жүрек талмасы бар бәзбіреулер біржола құлап та түсер ме еді, кім білсін?

Бұдан әріде ту-талақай сөз жарысы басталды да кетті. Әрқайсысы өз ішіндегісін тезірек сарқуға асықты. Әсіресе, Смағұлдікі ерен еді.

Бұлар бас қосқан Құндақбай лашығының есік-терезесінде ашық саңылаулар көп. Ақтолқын мен Нұрсұлу сияқты әйелдер, Мырзақбай, басқа да көрші-қолаңдар бір-бірін баса-жаншып сол саңылауларға құлақтарын жапсыруға тырысты. Тіпті күзеттегі екі-үш қарулы бозбала да өздері кімдерді күзетуде екенін ұмытып, олар да солай кепкен қурайша жапырылды. Бұл қарқында көп жайдың, тіпті көлденең көзге түспеуі тиіс көп шындықтың беті ашылды.

Смағұлдың кеудесінде жүрек тырнағандай сондай бір құпия секемі бар еді. Бұл есін жоғалтып, соны да жайып салды. Әлгі осы Смағұлмен сонау Омбыда бірге оқыған, кейін мына Жаркентте қайта табысып, бұл кезде сол Жаркенттегі ОГПУ бөлімшесінің бастығына айналған Асан атты еңселі де, зерделі жігіт жақында ғана ұшты-күйлі жоғалыпты. Ресми орындардың таратқан хабарынша, ол Алматы, тіпті одан да жоғары Мәскеу жақта үлкен лауазым иесі атанып, әйелімен, бала-шағасымен алды-артына қарамай тез көшіп кеткен. Тек одан қайтып телеграмма, не басқа да хабар келмеген. Ал Смағұлдың өз басы бұдан үлкен жаманшылықтың иісін сезген. Көз алдында әкесі Диханбай қажының елесі көлбеңдеген. Сол әке кезінде осы баласы Смағұлға қалай зіркілдеп еді. Атаман Дутовты өз қолдарымен о дүниеге аттандырған татар Қасымхан Чанышев, қазақ Махмұд Қожамияров, ұйғыр Нұқай сол қызыл өкімет үшін көрсеткен ерліктері үшін әйелі, бала-шағасы, кәрі әке-шешесі, іні-қарындастарымен бірге түгел жайратылмап па еді? Тек осыдан сәл бұрын осы Қытайда Смағұл ұшыратқан қазақ жігіті Тоқтам ғана ол кезде қашып үлгеріп еді. Міне, сол Тоқтам да көзден ғайып болды. Кешегі Жаркенттегі ОГПУ бөлімшесінің бастығы да солардың аяғын құшқан жоқ па?

Иә, Фома Ларионыч Клещов табиғатынан зерделі де, аса білімдар адам ғой. Ол Смағұлдың іші-сыртын тез таныды да оның осыдан сегіз жылдай бұрынғы оқиғаға қатысты таңданыстары мен сауалдарына арқандаулы аттай көп айналшақтамай оның әуелгі «қызыл өкіметтің тамыры қаншалыққа шыдас береді» деген сауалына жауап қайтаруға бар қайратын жұмсады.

Бұл Клещов Құлжада тұрғалы сондағы Полумисков деген ауқаттылау бір казак-орыспен жақсы арақатынаста еді. Бұл Полумисков ұн тартатын, бидай, арпа, сұлы, тары сияқтыларды ұнтақтап жарма жасайтын үлкен диірменге иелік ететін, он шақты қандасын жалшылықта ұстайтын іскерлігі бар жан. Клещовтың қырағы көздері бірте-бірте осы Полумисковтың үйінде түнделетіп, кейде күндіз де жалшылықта жүреді дейтіндей емес, одан гөрі серейген бойлары көк тірейтіндей, қас-қабақтарына зиялылық нышандары ілулі бөгде біреулердің де ара-тұра бас қосатынын байқады. Сосын да бұл кәнігі неме Клещов Полумисковқа, тіпті жақындай түсті. Өз өмірбаянын қылқыбырына дейін қалдырмай әлденеше мәрте жыр қылды. Патшалық орыс армиясының көптеген жықпылдарын ашып берді. Бұл үй қожайыны Полумисковқа өте ұнады. Сөйтіп, екеуі өзара сенімге байланды. Бірте-бірте бұл үй иесі Клещовты Попенгутпен таныстырды. Бұл екі тарлан офицер де бір-бірімен тез ауыз жаласты. «Балықшы балықшыны алыстан көредінің» кері келді.

Сөйтсе, бұл Попенгут мына диірменші Полумисковтың шаңырағының астын өзінің кезекті бір бекінісі ретінде пайдаланады екен. Кезінде бүкіл Ресейге аты мәшһүр атаман Дутов басынан бағы тайып, онда-мұнда қашып-пысып жүрген жылдарында осы барон полковник Попенгутты өз штабын басқаруға тегін таңдамапты. Бұл Попенгут екінші Николай патша заманында-ақ Орынбор казак әскерінің полковнигі болған, біраз қанды шайқастарға қатысып ысталған жан. Оның адъютанты Сергеев пен көмекші есаулы Манихин де сондай тіс қаққандар. Бұл үшеу білім, тәжірибе жағынан өздері дәрежелес Фома Ларионыч Клещовты бірден ішке тартты. Ойда-жоқта кезіккен үлкен олжаға балады десе де болғандай. Сондай араластық-құраластықта жаңағы Смағұл сауалын бұл да Попенгуттың алдына көлденең тартқан. Барон полковник Попенгуттың да күткені осы сұрақ екен. Ол енді арық жақ сүйектері өрт шалғандай қызара бөртіп сөйлепті. Ол ең әуелі Клещовқа:

– Сіз профессионал әскери адам ретінде қандай да бір шайқасты ұйымдастыру үшін ең әуелі оның тыл жағын берік ету қажеттігін білетін шығарсыз? – депті. Сосын осы жағдайда өздері арқа сүйеген тыл мәселесіне көп сөз арнапты. Оның бәрін Попенгут мына Клещовқа, ал Клещов өз кезегінде ол әуенді мына Құндақбай тобына жинақтап жеткізуге желпінді. Ол әуеннің мән-мазмұны мынау еді.

ЖӘДІГЕР

Жезқазған өңірінен теңдессіз тарихи жәдігер табылды. Бұл туралы бізге сол өңірдегі өлкетанушы, тарихшы Жексен Әбдірахманов хабарлап, жаңалықты толық айтып берді.

Сегіз ғасырға шыдас берген

Жезқазғанның шығыс жағында 40-50 шақырым қашықта «Болман ана зираты» деп аталатын кесене болған. Болман ана ауыз әдебиетінде, кейбір тарихи жырларда ғана айтылады. Тарихи деректерде ол атақты Жошы ханның қызы деген дерек бар.

Кесенені жас археолог Айбар Құсаналин 2018 жылдан бері аша бастаған. Табылған жәдігерлер қазақ тарихы үшін өте құнды мұра. Өйткені XIII ғасырдың







асыл жәдігері арада VIII ғасыр өтсе де, мұрты бұзылмаған. Мұрты бұзылмаған деуіміздің себебі, қазу кезінде әйел адамның тарағы мен шаш қыстырғышы табылды. Тарақ таза ағаштан жасалған. Ортасы алтынмен көмкеріліпті. Бұған дейінгі қазбаларда алтыннан жасалған дүниелер ғана таза күйінде табылатын. Ал Болман ана кесенесінен шірімеген, жақсы күйінде сақталған киім табылып отыр. Киім болғанда желбегей шапан, жібек көйлек, шалбар, белбеу, баскиімнің жұрнағы.

Бұл бұған дейін кездеспеген жағдай. Киім таза жібек матадан, алтын жіппен тігіліпті. Қамқадан жасалған белбеуде сол кездегі Алтын орда мемлекетінің гербі салыныпты. Екі басты қыран бейнесі. Мұндай бейне қазір Ресей Федерациясының гербінде кездеседі.Киімді Татьяна Крупа есімді украиналық реставратор-маман қалпына келтіріп жатыр.

Айта кетейік, биыл Алтын орда мемлекетінің құрылғанына 750 жыл толып отыр. Алтын орда тікелей Жошы ұлысының мұрагері екені анық. Өз дәуірінде Еуразия құрлығындағы ең бай, ауқатты ұлыс болған. Алтынды көп пайдаланған. Сондықтан «Алтын орда» аталып кеткен деген тарихи дерек бар.

Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

«Қалай десек те, ең мықты, табиғи мектеп – отбасы. Осында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Отбасынан кеткен қателікті ешбір мектеп түзете алмайды...»

Мұхтар АРЫН

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы

Тектілігі тереңге тамырлаған қазақ халқының бала тәрбиесінде ата-ананың, мектептің алатын орны ерекше. Жарық дүние есігін ашқан сәби үшін ата-анасынан артық мейірімді, жақын адам жоқ. Адам өмірі отбасынан басталады, азамат болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі. Отбасының аман-саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. «Отан отбасынан басталады» дейміз. Жанұяның береке-бірлігі – әр баланың болашақ қадамы. Өйткені ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Отбасы – ол да бір шағын ғана мемлекет. Әрбір ересек адам өзі бақытты болуы үшін өзгелерді, ең алдымен балаларды бақытты ету керек екенін білуі қажет. Бала отбасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана бақытты болып ержетеді. Бұл дәлелдеуді қажет етпейді.

Ал отбасының тірегі – әке. Отбасында әкенің орны жоғары болуы керек. Әкесі еңбекқорлық, адамгершілік, өтірік айтпау сияқты қасиеттерді үлгі етсе, анасы мейірім шуағын аямай төгуі тиіс. Осындай ізгі ортада өскен бала нағыз бақыт иесі болмақ. Бақытты баладан болашақта не күтуге болады? Әрине, адамгершілігі мол,



салауатты, сауатты тұлғаның шығары сөзсіз. Осы қасиеттерін одан әрі дамытып, келешек өмірге жол көрсетер білім ошағы – мектептің бала өмірінде алар орны да ерекше. Мектеп табалдырығын аттаған баланы білім нәрімен сусындатып, бойындағы шығармашылық қасиеттерін ояту – ұстаздардың еншісінде. Сапалы білімнің кепілі – ұстаздар қауымы. Ол үшін сабырлы, салмақты, білімді, білікті маман болуы қажет деп білеміз. Бұл саладағы күш-жігер алдымен балаларды Отан сүйгіштікке баулуға бағытталады. «Отан» деген ұғымды балаға өзінің туып-өскен үйі, ата-анасы, ағайын туыстары, туған жері, кең-байтақ гүлжазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы түрінде қабылдатып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз. Болашақтың иесі – жас ұрпақ. Сондықтан олардың сапалы білімі мен саналы тәртібіне байланысты ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының, сапалы білім – ел болашағының кепілі. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың мынадай бір айтқан сөзімен қорытындыласақ: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн». Ендеше, тәрбие – ұлт болып ұйысудың, ел болып ертеңге нық қадам басудың негізі болмақ.

Дәулет МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Әдем КӨКЕКОВА,
Алматы қаласы Түрксіб ауданы №84 жалпы білім беретін мектеп ұстаздары

МҰРА

Шымкенттің көрнекті тарихи ескерткіштерінің бірі – Қошқар ата кесенесі.



Қошқар ата кесенесі

Түрлі аңыз бойынша, Қошқар ата Қожа Ахмет Ясауидың шәкірті болған. Ұстазының еңбектерін зерттеп, ізін басқан. Рухани мұраны жақсы меңгеріп, Құран мен хадисты терең білген. Халық арасында үлкен құрметке ие болған Қошқар ата би атанған.

Қошқар ата өзен бастауында жерленген, өзен ұлы кісінің атымен аталған.

Мазарына көп уақыт бойы адамдар ем, байлық сұрап келеді. Байлықты тек қарапайым өмір сүруге жететіндей береді екен. Дегенмен бұл кесене алғашқысы емес. Қошқар ата мазары көп қабатты үйлер арасында қалғандықтан, оны осы жерге жылжытып, жаңа кесене салынды.

Жыл сайын шымшаһарды қақ жарып ағып жатқан Қошқар ата өзені бойында сан



ғасырлар бойы тойланып, кейіннен ұмыт болған мереке «Қошқар ата сейілі» өтеді. Қаланың қақ ортасынан шығып жатқан осынау бұлақ арнасы кеңіп, өзенге айналады. Қыстан аман-есен шыққан жергілікті жұрт ғасырлар бойы мұнда қошқарды құрбандыққа шалып, шүкірлік еткен. Күнгейліктер үшін көктемнің ең алғашқы мерекесі саналатын дәстүрлі іс-шараны өткізуге 100 жыл бойы тыйым салынып келген еді.

«Қошқар ата сейілі» бұл Наурыз мейрамының алдында атап өтілетін іс-шара. Жергілікті жұрт көк шыға аузы аққа ілінгенде Қошқар ата өзенінің жағасына келіп, сауық-сайран құрған. Өзіндік ерекшеліктерге толы бұл мереке тек оңтүстік өңіріне ғана тән.

Міне, Қошқар ата кесенесі мен бұлақ-бастауы туристік инфрақұрылымға таптырмас нысан ретінде қаланың геотуристік картасына еніп отыр. Ендеше Шымкентке жолыңыз түссе, Қошқар атаға бас сұғуды ұмытпаңыз!

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

ТӘБӘРІК

Жуырда Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің жаппай еңбегінің нәтижесінде жетісулықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлік шежіресін өрнектейтін «Ерліктің даңқы, елдіктің нарқы» атты жаңа туынды жарық көріп, жұртшылықтың қолына тиді. Бұл еңбек руханият жанашыры Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен басылып шықты.

Жеңіске арналған жаңа кітап



Жаңа туынды үш бөлімнен тұрады. «Ардагерін ардақтаған аймақ» атты алғашқы бөлімінде еліміздегі ардагерлер кеңесінің, оның ішінде Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің құрылуы мен бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістігі, бұралаң жолдары, бағалы нәтижелері, басқарған адамдар мен жұрт көңілінен шыққан жаңа бастамалары толық жинақталған.

Кітаптың «Өткен күннің белгісі» атты екінші бөлімі Ұлы Отан соғысы мен Жеңістің құрметіне арналды. Жетісу жерінен соғысқа аттанып, сұрапыл шайқастарда ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының батыры, тағы да басқа батырлығымен ел құрметіне бөленгендер мен тылда еңбек етіп, жеңісті жақындатуға үлес қосқан ата-апаларымыздың еңбегіне ерекше орын берілген. Алматы облысынан майданға 120 мыңнан астам адам аттанып, олардың 57 мыңнан астамы ұрыс далаларында ерлікпен мәңгілікке көз жұмды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 54 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанып, 14-і «Даңқ» орденінің иегері атанды. Аңызға айналған 28 гвардияшы-панфиловшылардың ішіндегі 10 жауынгер – біздің жерлесіміз.

«Ерлігі елге мұра» атты үшінші бөлімі жаңа тарихтың жарқын беттері іспетті. Онда Ұлы Жеңістің 75 жылдығына аман-есен жеткен Алматы облысындағы 64 соғыс ардагері мен биылғы 75 жылдыққа орай өңірлік басылымдарда жарық көрген ардагерлер өмірінен сыр шертетін мақалалар жинақталған.

Бүгін біз Тәуелсіз елде ұрыс даласынан оралмаған майдангерлер рухына тағзым етіп, қаһармандар алдында бас иеміз. Аталған жаңа кітап осындай ерлік шежіресін болашаққа жеткізетін тәбәрік болмақ.

Қажет АНДАС,
Талдықорған қаласы

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ– Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ – Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ – Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2207;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.